



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӘҢІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

# ҚМПИ **ЖАРШЫСЫ**

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

**№ 1  
2025**

ISSN 2310-3353



2025 ж., қаңтар, №1 (77)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

Кұрылтайшы: *Aхмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті*

**Бас редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

*Әлімбаев А.Е.*, философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

*Емин Атасой*, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркія.

*Зоя Микниене*, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

*Качеев Д.А.*, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Ксембаева С.К.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Лина Анастасова*, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

*Медетов Н.А.*, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Мишулина О.В.*, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Соловьев С.А.*, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

*Скороходов Д.М.*, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

*Сычева И.Н.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМББМ, Ресей.

*Ташев А.Н.*, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы қуәлік №5452-Ж

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.

Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.

Жазылу бойынша индексі 74081

#### Редакцияның мекен-жайы:

110000, Қостанай қ., Байтұрсынов қ., 47

(Редакциялық-баспа бөлімі)

Тел.: 8(7142) 51-11-76

№1 (77), январь 2025 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы

Главный редактор: *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Заместитель главного редактора: *Жарлықасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайғыров университет», Казахстан.

*Лина Анастассова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скороходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.

Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.

Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47

(Редакционно-издательский отдел)

Тел.: 8(7142) 51-11-76

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ  
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО

ӘӨЖ 82

**Безаубекова, А.Д.,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теория кафедрасы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
**Мәлікзада, А.М., Айтқазы, Ә.А.,**  
«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
ББ 4-курс студенттері,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

**М. МАҚАТАЕВ «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫ**

**Түйін**

Мақалада ана мен баланың тағдыры, адам мен табигат арасындағы  
байланыс қарым-қатынас поэмадағы көркемдік мән бар.

Аққу табигат, ана тақырыбы ерекше суреттеген. Жалғыз баласын-  
ың дерптіне дауа таппаган ананың зары. Тау басындағы орнаган, көл  
жалғыздан жаураган, жәгүдіреп жатқан «Жетімкөл». Көркем көл бетіндегі  
әсем бейнениң көгілдір таудың жаңындағы мұңы молдіреуі. Ақынның өз  
поэмасында негізгі қаралатын мәселе қасиетті, киелі құсқа қиянат  
жасамай, табигаттың теңгесі жоқ сұлулығын сақтау.

Поэмада берілген ана жүргегі баласының жағдайына уайымдағаны.  
Ақын екі таңдаудың ортасында қалған ана бейнесін зор шеберлігімен  
жасаған. Автордың негізгі поэмадағы идеясы табигат ананы аялап, қорғау-  
га, сақтауга ат салысу. Ана портретін ерекше бейнелеген, ана үшін баланың  
орны әр қашан бөлек, өмірінің мәні, жүргегінің бөлишегі екенін көрсетті.

**Түйінді сөздер:** ақын, поэма, Жетімкөл, ана, аққу, сюжет, табигат,  
киелі, қасиетті, көл, әдебиет, эпос.

**1 Кіріспе**

М. Мақатаев – қазіргі таңда қазақ поэзиясында өзіндік қолтаңбасын қалдырған  
ақындардың бірі.

Поэзияның жанды өзегі – бейнелі, сәулелі көркем суретті сөз десек, М.Мақатаев өзі-  
нің өлеңдерінде аз сөзге көп ой, мағына сыйғызуға тырысқан ақын. Әр сөзді талдаң, талқы-  
рап талғап барып қолданып, әрбір образда сөздің дәл, ықшам, әсерлі болуына күшін салған.

Шығармашылық тұлға – жалпы адамзаттық шығармашылық ойдың дамуындағы  
белілі бір мән-маңызға иеленетін құбылыс. Демек, М.Мақатаевтың өзіндік лирикалық  
өлеңдері қазақ поэзиясының дамуына өзіндік орын алары анық белгілі. Сол себепті ақынның  
шығармашылығын зерттеу барысында обьективті баға бере отырып, ғылыми айналымына  
қосу – уақыт талабынан туындан отырған қажеттілік. Осы тұрғыдан алғанда зерттеуші  
негізгі еңбегінде ақын жырларына ғылыми талдаулар жасаған.

Поззия тек қана суретті сөзбен өріліп, көрікті, айшықты әсем сөзбен бейнеленетін сөз  
өнері. Ал поэтикалық тілдің көркемдік, образдық сыр-сипаттарын, әдемі айшықтарын  
келтіретін, тіл өрнектерінің эстетикалық қызметтің де айқындау онай мәселе емес. Сондықтан  
зерттеуші ақын лирикасының көркемдігін зерттегендеге, ақын өлеңдерінің тілдік бояуларына,  
өлең сөзін өрнектеу, көріктеу, құбылту амал-тәсілдерін айқындаған [1, 3 б.].

Сөз өнері ықылым заманнан бері халқымызбен бірге келіп жасасып келе жаткан құндылықтардың құбылысы. Қазақ халқының әр кезеңдердегі тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі, басынан өткеріп кешкен тарихи оқиғалары, елін, жерін жаудан қорғаған батырлар ерлігі мен бір ауыз сөзбен тоқтам жасаған хан, би-шешендердің сөздері жыр-дастандарға айналып, бүгінгі үрпаққа жетіп отыр. «Басқа халықтар сияқты, қазақ халқының да өзіне тән тарихы, басынан кешкен кезеңдері, өсу, өрлеу сапары, әрбір дәуірге лайық мәдени мұрасы, асыл өнері бар. Сол асыл өнердің таза меруерттері ғасырлар бойы ел өмірімен бірге жасап келеді».

Әр заманда өзінің ақынын тудырады. Әр ақын өз заманының жаршысы. Заманың жаршысы болуымен қатар өткенді жалғастыруышы, жаңғыртуышы, дамытуышы өнер иесі. Қазақ халқының ата-бабадан жалғасын келе жатқан салт-дәстүрін бейнелеген жырларды 60-70 жылдары қалам тербереген ақындар шығармаларынан кездестіруге болады.

Қазақтың лирикасының шарықтау кезеңі 60-70 жылдары десек артық айтпаймыз. Себебі, бұл бейбітшілік заманың әбден орнығып, халықтың сұрапыл соғыс жылдарының ауыртпалығынан ес жиган, білім-ғылымға ден қойып, жалпы руханиятқа талғаммен қарай бастаған кезең еді. Осы жылдары қалам тербереген ақындарымыз алдыңғы аға буыннан тақырыптық жаңашылдығымен, көркемдік ерекшелігімен, поэзиядағы ірі кадамдарымен ерекшелене бастады [1, 4 б.].

Жасынан өзінің отты жырларымен келген М.Мақатаев өз жүргінен туындаған өлең сөздің өнеріне қазақ халқының ұлттық болмысын арқау ете алды. Бұл жағдай ақынның азаматтық болмысын танытады білді. Өлеңдері өрілген ақынның азаматтық үні елінің, халқының мақсат-мұлдесімен ұштасып жатты. Елдік мұдденің жаршысы болған ақын поэзиясының идеясы, қуаты, көркемдік ерекшелігін ұлттық таным тұрғысынан бағаланатын уақыт жетті деп білеміз. Сол себепті ақын поэзиясының ұлттық болмыс-қасиетін сол кезеңде өзімен бірге қалам тербереген, үзенгілес басқа да ақындардың жырларымен салыстыра зерттеу жұмыстың өзектілігін танытады [1, 5 б.].

К.Сейитованың «Поэтические наследие М.Мақатаев», К.Хамидуллаевтың «М. Мақатаевтың ақындық шеберлігі» атты диссертациялық жұмыстар жазылды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұрын тоталитарлық кезеңде айтылмаған қазақы салт-дәстүрлер мен ұлттық ерекшеліктерді танытатын жырлар зерттеулер айналып жатты. Бұл тұрғыда қазақ поэзиясының ұлттық сипаты мен ерекшелігіне ғылыми тұрғыдан зерттеу жүргізілген біраз еңбектерді атап айтуға болады. Мысалы, Б.Кәрібозұлының «Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты» атты зерттеу еңбегінде Абай поэзиясынан бастап, 60-70 жылдар поэзиясына дейінгі аралық қамтылса, Т.Шалаевтың «Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы» (70-80 жж.) атты кандидаттық диссертациясында да казақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасына жанжақты талдау жүргізілген [1, 6 б.].

М.Мақатаев поэзиясы жайлар көптеген ақын-жазушылар, зерттеуші ғалымдар: Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, Ә.Кекілбаев, З.Серікқалиев, Ф.Оңғарсынова, С.Әшімбаев, Ж.Әбдірашев, Б.Сарбалаева. Ә.Жәмішев, Ә.Күмісбаев, С.Дәуітов, Қ.Алпысбаев, Б.Кәрібаева, Т.Шапаев және т.б. әртүрлі зерттеулер мен сын-мақалалар жазылды. Алайда М.Мақатаев позиясының ұлттық сипаты жайлар мәселе бірен-саран айтылған пікірлермен ғана шектеліп, аталмыш тақырып ғылыми негізде жүйелі зерттеу нысанына толық алынбаған еді.

Зерттеу еңбегіміздің негізгі нысанына алынын отырған М. Мақатаев жырлары ақынмен үндес Қ. Мырзалиев, Т. Молдагалиев, Ж. Нәжімеденов, Т. Айбергенов. С. Жиенбаев, К. Мырзабеков, Қ. Баянбаев сынды ақындардың өлеңдерінде бейнеленген ұлттық нақыштың көріністерімен байланыстырыла карастырылады. Осы бағытта жүргізілген зерттеудегі ғылыми жұмыс 60-70 жылдар поэзиясын топтастырып, ақындар жырларына арқау болған ұлттық ерекшеліктерді бір-бірімен сабактастырыла зерттеледі. Нәтижесінде осы жылдардағы ақындар жырларының ұлттық сипаты айқындалады [1, 7 б.].

«Мұқағали тақырыбының ауқымы көлемді кең. Ол қандай тақырыпта болмасын, не жайында сыр төкпесін, ақынның ішкі дүниесіне тірек бол тұратын оның тұған халқына

деген, отанына шексіз сенімі мен ыстық сезімі. Жеке өз басына тағдырында талай сәтсіздіктер мен әділетсіздіктер кездескен, ауру-сырқауға ұшыраған ақын өмірі толғауларында қаншама қынжылып, мұң шеккен жағдайда халқынан тиянақ табатындей». Мұқағалидың қадір тұтқан, халқына арнаған өлеңдерінің біршама. Өлеңінің бәрінде да ақынның халқына деген ыстық ықыласы, таза, тұнық судай ниеті, ақ тілегі көрініп тұрады. Өлең бойынан халқына еркелеген ақын бейнесі де көріністер береді. Бар ниетін, бар ықыласын халқына арнаған ақынның көзқарасы, қарым-қатынасы айқын. Әр сөзінің астарында ақын ғана қөзгай алар терең ой жатыр. Сол ойға үлкен мағынамен мән беріп, жыр жолдарына айналдырады [1, 70 б.].

## **2 Материалдар мен әдістер**

Бұл мақаланы жазу барысында М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы қарастырылды. Бегманова Бибіжанның М.Мақатаев шығармаларына әдеби талдаулары пайдаланылды.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

М.Мақатаевтың ойшыл ақын ретінде қалыптасуына ықпал еткен тарихи мәдени бастаулар анықталды. Сонымен бірге, М.Мақатаевтың өмір сүрген ортасы, сол кездегі қоғамдағы әлеуметтік қарама қайшылықтардың ақын дүние танымына әсері мәселесіне терең мән беріледі.

Философиялық дүниеге көзқарас. Мұқағали шығармаларында дүниеге көзқарастың сан түрін көре алуға болады. Оның табиғат, өмір жайлы, бақыт жайлы айтқан ой тұжырымдарын философиялық дүниетанымы ретінде қарастыруға болады. М.Мақатаев профессионалды философ болған жоқ, сондықтан оның көркем-әдеби мұрасынан қатал негізделген және жүйелі тұрғыдан тұжырымдалған философияны іздеу қателік болады.

М.Мақатев шығармашылығын тереңдей зерттейтін болсақ, нағыз дүниетанымдық тұжырымдарды жалпы адамзаттың және ұлттық құндылықтарды табатынымыз белгілі. Мұқағали шығармашылығындағы құнделікті тіршілік, өмірдің бояулары ақын дүниетанымының түннегізі болады. Оның өлеңдері ойга жетелеп, қиялға батырып қанат бітіретіні де сондықтан. Мұнда алып-ұшқан романтикамен қатар, нақты болмыс та бар. Ақын М.Мақатаевтың түйіндеуіне сүйенетін болсақ, қазақ философиясы батыстық ұлғілерден өзгеше даналық өрісінде, бірінші қатарда поэзия мен фольклор өрістеген екен [2, 11 б.].

#### **«Поэзия адамның жаны мен жүргегіне әсер етеді»**

Мұқағали Макатаевтың жаны мен жүргегіне жақыны – өмір тақырыбы. Басқа тақырыппарға арналған өлеңдерін алып қарасаңыз да өлең бойынан ақынның өмір жайлы толғанысын танисыз. Кез-келген өлеңінен өмірге деген көзқарасын, өз ойы байқалады. Арнайы тақырып етіп алып, жыр арнаған өлеңдерін атап айттар болсақ: «Өмірге серт», «Өмір толқыны», «Өмір», «Өмірге ерте құлаш сермегенмен», «Өмірден менің күткен үмітім сол», «Пай-пай өмір», «Өкпелетті дей алман...», «Өмірімен, «Өмір дейтін», «Өмір деген біреу бар», «Өмір деген не десем», «Өмір», «Жас өмір, саған өкпем жоқ», «Өмір жайлы», «Өмірімді несіне жек көремін», т.б. Бұл жырларынан ақынның өмірге талпынысын, құштарлығын көреміз. «Кең дүние, құшағынды аш, мен келемін» деп өмірге жар сала енген ақын өмірдің ашы-тәтті сыйынан да қашпайды. Керісінше, «Жер бетінде жақсы тіршілік етуге» талпынады. Өмірдің күрестен тұратынын мойында, азабыңмен аяnbай-ақ алысам» дейді [1, 122 б.].

Батық Мәжитұлы: «Абай қараңғы қазағына қарап шерменде болса, Мағжан абақтының азабын шексе, Мұқағали XX ғасырдың кемелденген социализмінде тұрып-ақ дүниеден карадай түніліп, қамықты. Тоқ көнілдер бұл күйге соншалықты сенген жоқ. Қыр астындағы коммунизмнің қуанышы оларды ақындық мұнның назасына мойын бүргізбады» деген пікірін қалдырған.

Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы қазақ әдебиетінде өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екен-ау деп те айта аламын. Оның творчествосы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш-қуат құяды дейді Михаил Курганцев [3, 27 б.].

Ал бірақ, біз үкқан Мұқагали бәріміздің көкіргімізде күллі жаратылысымен мол пішілген, тірі пендеге тән қуаныш-сүйініш, қайғы-мұн, махабbat-мейірім, еркелік-ерлік атаулының бәрі несібесіне жазылған ерен тұлға боп мәнгі сақталып қалады.

А.Сүлейменов F.Мұсіреповті қызықтырған «Бесатар» повесінде 1916 жылғы көтеріліс басшыларының біріне Мұқагали есімін де бергені бар. Аңғалдық пен батырлықты, алғырылғық-акылды тұп-тура көріп отырғандай қаз-қалпында бейнелеу үшін жазушыға дәл іргесін-легі дәм-тұздас ақын М.Макатаевтың азаматтық келбетін жаза баспай тани білудің өзі-ак жеткілікті болған. Мұқагалиды мәнгілік сапарға аттандырып тұрып, адудынды ақын: қазақ поэзиясының Қасымнан кейінгі құдіретті тұлғасы, жаңа заманың жаңа тұлға ақыны деп бағалаған. Осы баға – баға! Зейнолла Серіккалиев, Сәрсенбі Дәуітов «Мұқагали» журналы, №8, 2006 [3, 43 б.].

Қазақ әдебиетінің даму процесі мен халықтың рухани өмірінде көрнекті роль атқарып келе жатқан негізгі жанрдың бірі – поэма. Өзінің туып қалыптасуы барысында қазақ поэма-сында да барлық жанрлық жүйенің байюы мен жаңаурына оның поэтикасы мен проблематикасының терендеуіне әкелген күрделі эволюция болды.

Әдебиет тарихындағы синтетикалық жанрға жататын поэма туралы сөз ету жалпы әдеби процестің құрамындағы өзекті мәселелердің бір саласына теренде бару болса керек. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда казақ поэмасының жанр ретіндегі сипаты бұдан сан ғасырлар бүрін белгілі болды десек те, ол XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі дәуірде ғана қалыптасқан түрге енді. Яғни қазақтың жаңа әдебиетінің басы болған Абай шығарма-шылығы осы дәуір әдебиетінде рухани өзгерістердің айғағы жемісі болды [4, 3 б.].

Поэма жанрындағы ірілі-уақты табыстарының тасасында поэманның жанр ретінде теориялық және тарихи-әдеби тұрғыда бағалануындағы кемшиліктер де көзге түспей қалмайды. Мысалы, күні бүгінге дейін қазақ поэмасы туралы зерттеулерде XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында жазылған поэмаларға тым келе баға беріліп келе жатқан шындық. Абай мен оның шәкіртерінің поэмалары, М.Сералин мен С.Торайғыров поэмаларының көркемдік жетістіктері терең ойлы ғылыми зердемен талданбағандықтан алғашқы үлгілер ретінде ғана саналып, қазақ әдебиетінде поэма жанры «Кеңес дәуірінде ғана туды» деген пікір қалыптасты.

Реалистік поэма тудыру жолындағы жанжакты ізденистердің нәтижесінде қазақ поэмасы құрылымдық, композициялық, сюжеттік жағынан жаңа белеске көтеріліп, өзінің барлық кезеңінде екі үлкен арнада – тарихи жане қазіргі заман тақырыбын игере дамыды [4, 4 б.].

Сюжетті поэма – эпикалық поэзияның ең көнеден келе жатқан дәстүрлі түрі. Сюжетті поэманның негізгі ерекшелігі, онда әлеуметтік тұрмыс құбылыстары кең қамтыла отырып адам характері мен образы жасалуында. Эпикалық жанрдың құрылымдық негізінде әр түрлі жүйені байланыстыратын мықты өзек болып оқиға жатады. Мұндай поэмаларды қөбінесе «эпикалық» деп атайды, алайда, «таза» эпикалық поэма әсіресе қазіргі кезеңде жай иллюзия ғана. Эпос элементтерінің барлық поэмада кездесетіні сияқты эпикалық баяндау формаларында да лириканың элементтері болуы мүмкін. Мұндағы барлық әңгіме текстік бастаулар арасындағы байланыстың, олардың нақты сапалық мәнінің каншалықты дәрежеде болуында. Эликалық немесе сюжетті баяндау поэмаларында эпикалық сипат шешуші мәнге не болып, бүкіл шығарма құрылымын айқындайды [4, 14 б.].

М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын да кездеструімізге болады. Поэманның сюжеттің шын оқиғаға, бір ғана детальдың маңынанда өрбітіп, ақын кейіпкер характерін, қимылын әрекеттің суреттейді.

Поэма өзінің сырлы суреттерімен бастайды. Алдыңа ақ төсінде аққу аялап, әсемдікті әлдилеп әндептің жатқан көл келеді. Сондай көрікті көл бейнесі бытайша суреттеледі:

Қанатынан аққудың балапандап,  
Эн ұшатын сымпиладап таң атарда.  
Сүйінші бер дегендей бір толықсып,  
Сыбырлайтын «Жетім көл» Алатауға.

Тына қалып бұлбұл да жаға-талда,  
Қарайтұғын айдынға, ақ отауға [5, 193 б.].

Көлді сұлу суреттеп, тіл, образben ойлау, теңеумен сөйлесу, адамға әдемі әсер сыйлайды. Көзге бейнеленіп сыйғанмен ерекше бейне, сөзге сыймай тұрғаны шебер жеткізген бейнелер. Жетімкөлдің жанарын жауып алып, сұлулығына әсемдендіреді.

Жан дегенде жалғыз өмірі үшін жаны қыл ұшында тұрған ана сәбиін аман салып қалуы үшін қайғыруда.

Бала жатыр төсекте күйіп-жанып,  
Баласының ана отыр күйін бағып [5, 194 б.].

Ананың шарасыздығынан, оларға тәуіп келіп: «Аққумен баланы аластандар» деп кете барады. Ананың таңдауы сол сәтте екі оттың ортасында қалады. Ақын осы сәтте кейіпкердің психологиялық тебіреністі тамаша суреттеген. Бірақ бұл тұрғыда ана махаббаты жеңіп, аққуға оқ атылады.

Айдын көлдің әсем бейнесі аққуды атпау атадан бала беріліп келе жатқан жақсы доралғымыз, жарасымды қасиет заны. Аққуға оқ ату – құллі қасиетке оқ атумен тең. Халқымыздың пайымдауынша аққу – қасиетті құстардың бірі киелі ұғым. Ақынның поэмада бізге екі бірдей сабактас идеясы бар екені көрініп тұр. Бірінші – қасиетке оқ атпау, қиянат жасамау, тыныштықты бұзбау. Екінші – қоршаган органды қорғап, қастерлеу, қамқор болу. Автордың көздеген идеялық мақсатты осы болса керек.

Ананың уайымы тәуіп шалдың айтқанын орындамаса, сәбиін сактап қалар басқа амалдың болмауы. Үмітің бары осы құста болады. Бірақ киелі құсты аққуға қол көтергісі келмейді, баласының дерті қанша қинап тұрсада.

Қарапайым адамның жанының тазалығы, қатыгездікке жаны ауырткан сезімін байқатады. Киелі құсты, перзент өміріне құрбан етеді.

– Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі?!

Балам өлсе, бақыттың керегі не?!

Топан су басып кетсін қалғандарын.

Перзент сұрап несіне армандадың?!

Құрысын онсыз сенің жанған бағың!

Мылтықты әкел!

Атты ертте!

Жалған бәрі! [5, 196 б.].

Көл жағалауында ана табиғатының, табиғаттың бейнесі аққулардың ерекше сұлулығын бір сәтте басқа дүниеге ұмыттырып қалады. Аққулардың мекен деген сұлу көрінісін толғаған ана көрінісін әсерлі жырлайды.

Аскар белден күн нұры шашырады,

Шашырап, ол да көлге бас ұрады.

Құс аппак, айдын аппак, нұр да аппак,

Аппак нұр – аппак нұрга қосылады.

Көл – көкке, көк – көлге кеп асылады,

Ұйқы аққулардың ашылады.

Сұлулыққа сұқтанып, қашып әлі.

Ана-жүрек солқ етіп, басылады [5, 196 б.].

Әдемі әлемге оқ атуға ананың демі бармайды. Бірақ сәбиінің ажал үстінде жатқаны түскенде ана – көнілі көз алдында көрікті бейне лайланып, аққу емес, құмай көргендей сезімде боласың. Осы бейнені айдынын лайланғанын көріп отырған ана өзін-өзі:

«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,

Құлынның қасынан неге кеткем?!

Ошақ қасы, от басы, көрмеппін фой,

Дүние-ау, сен осындей керемет пе ең?» [5, 198 б.].

Осындағы сезімде отырған ана-көnlі қолындағы қарудың қалай атылғанын білмей де қалады. Көл маңында жүрген тәтті ұйықтаған әдемі тірлік оқыс шықкан қару дауысыннан ақулардың астан-кестеңі шығады. Айдын көлден мекендерін қия алмаған ақулар көкке шарық ұрады. Тыптырышыған көл бетінде акку жүр ұша алмай. Көл бетінде толқындаған қан жайрап бара жатыр. Осы көріністің жалғыз киесі мен күесі бейшара ана:

...Қасиетке оқ атып, жойған пакыр,

Қалай алып кетерін біле алмастан,

Сүле-сопа, жағада ойлауда құр [5, 202 б.].

«Жетімкөл» жағасында ақку құстардың жаңғырған әні ғана қалды. Бәрін тастап кеткен құстар асып басқа бағытқа ала сұрып ұша кетті. Айдын көлден ән де кетті, қасиеті де бірге кетті. Тұлдыр көл – «Жетімкөл» атанды.

Поэманды оқып отырған оқырманға, өзек болып жатқан оқиға көз алдында көрініп әсер береді. Кейіпкер характері, сюжет, конфликт ақын шебер жасаған. Ажал үстінде жатқан бала, бала үшін бәріне де дайын ана қүйі, екі таңдаудың ортасында қалған әке, тәуіп шалдың инеті барлығы көркем нақыш тапқан. Бұл шеберлік нағыз ақынға тән қасиет десек болады.

Сол сәттен ана жүргегі тітіркеніп, мен-зен қүйде үйіне қайта келеді. Көңілден қуанышта, қайғы мұң да, бала да, жар да ұмыт болған. Тек ойда сол бір «Жетімкөл» жағасында болған сүмдүк оқиға жүргегінде қанжарлап келеді. Газиз ананың аттап түсіп көргендегі ең ауыр жағдайы, жалғыз баласының өлігін күтіп тұрғаны. Ана көnlі бұл қасиетті ақку құстың киесі деп сезеді. Көз алдында болған сәбійін өзі өлтіргендей, жан дүниесі аласұрады. Ақын сол сәтте ана үнін құлаққа жеткізгендей сәт болады.

«...Мына жатқан «Жетім көл», мына аққуды,

Өз қолыммен өлтірдім, аттым жаңа...

Жоқ!

Мен емес...

Мен атпадым...

Кеше гөр, кешіре гөр, жаратқаным?!»

Газиз ана, ербендең екі қолы,

Жиылған жүртқа қарап алақтады. [5, 203 б.].

Қасиетті болған «Жетімкөл». Бірі өлі, бірі жаралы қос бірдей ақку. Демінен үзілген сәби. Осы бірі қайғы ана жүргегін қанжылатып, есінен тандырады.

Осындағы ауыр трагедиямен болған поэмада автор сюжет құру шеберлігін әсерлі танытқан. Жалпы поэмандың сюжеті баяндау түрінің даму процесін қарастырғанда, оның жанр ретінде ауқымды-философиялық тұрғыда дүниеге келген туындының бір мысалына осы М. Мақатаевтың «Ақулар ұйықтағандасын» атауға болады.

Поэма дегеніміз ғасырдың және тарихи уақыт ағымындағы адам орнының философиялық проблемалары туралы образды ойлау» [4, 108 б.].

## 5 Қорытынды

Ақынның шындыққа тікелей қатысты қылып, оқиғалардың жүйесін, әсем бейнелер арқылы берліген өмір құбылыстарына көзқарасы осы шығарманың идеясы болмақ.

Поэмада халықтың сол сәттегі әдел-ғұрпышын, әні мен күйін, кең жазира дала табиғатын, әлеметтік өмір қырласы мен қатар сырларын бәрін бір жерге тоғыстырып, үйлесім тауып әрі әсерлі етіп шебер суреттеген.

Поэмандың көркемдік-идеялық құндылығы мен шынайлығы шығарманың қайталанбас өзінің ерекшелігі мен құрделілігі түсken. Терең толғап, оқырманың жүргегіне жол аша алған поэма сұлу сарайына айналдырған. Ақынның бұл поэмасының бере құндылығы биік таудай, мөлдір таза бұлак секілді. Шығарманың негізгі идеясы деп білу ана бейнесі мен көлдің қасиетті ақку құсына жасалған қастандық, қиянат қайғы. Қоршаған табиғат әлеміне қастандық жасамау. Жалғыз ұлының өлім үстінде жатқандығы ана, тәуіптің сөзіне еріп, табиғаттың киесін аттып, өзінің сәбійене айрылып қалуы.

Жалғыз ұлын ажал аузынан құтқармақ болған ананың көлге келіп аққу құсты атып алуы. Жаралы аққу мен қанға боялған көлдің бейнесі. Поэманың сонында «Жетім» көл өз сұлулығын жоғалтқан аққудан айырылып, аққудың әсем дауыстары естілмейді. Көлдің сол сәтінен бастап «Жетімкөлге» айналуы, көлдің сәні аққу екенін дәлелдеп, табиғатымызды қастерлеуге тәрбиелейді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Бегманова Б.М. Мақатаев және қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жанашылдық: Әдеби зерттеу / Б. Бегманова. – Алматы. «Каратай КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2015. – 7-232 б.

2 Сембаева Г.М. Мұқағали Мақатаевтың дүниетанымындағы өмір мәні мәселесі (тариҳи философиялық талдау).

3 Халық перзенті. М. Мақатаев Кітап-альбом – Издательство: «Алматы өнер», 2016.

4 Алпысбаева Қ. Поэма және сюжет. Көмекші оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 1992. – 124 б.

5 Мақатаев Мұқағали. Өмірдастан. Таңдамалы өлеңдер мен поэмалары. – Алматы: «ҚАЗАқпарат», 2015. – 232 б.

### **БЕЗАУБЕКОВА, А.Д., МАЛИКЗАДА, А.М., АЙТКАЗЫ, А.А. ПОЭМА М.МАКАТАЕВА «КОГДА СПЯТ ЛЕБЕДИ»**

*В статье рассматриваются судьба матери и ребенка, взаимоотношения человека и природы, художественное значение поэмы.*

*Особенно ярко выражена тема матери-природы – лебедя. Плач матери, которая не смогла справиться с болезнью своего единственного ребенка. «Жетімкөл» – одиночное, раскинувшееся на вершине горы, озеро. Прекрасный образ на поверхности живописного озера – ясное отражение грусти синей горы. Основная проблема, которую поднимает поэт в своем стихотворении – сохранение бесценной красоты природы, не причиняя вреда священной птице.*

*В стихотворении изображено материнское сердце, переживающее за состояние своего ребенка. Образ матери, находящейся между двумя выборами, был создан поэтом с большим мастерством. Идея автора поэмы заключается в заботе о матери-природе, ее защите и сохранении. Особое изображение материнского портрета показывает, что для матери ребенок всегда занимает главное место, является смыслом ее жизни, частью ее сердца.*

**Ключевые слова:** поэт, поэма, Жетимкөль, мать, лебедь, сюжет, природа, святой, озеро, литература, эпос.

### **BEZAUBEKOVA, A.D., MALIKZADA, A.M., AITKAZY, A.A. M. MAKATAYEV'S POEM «WHEN SWANS SLEEP»**

*The article examines the fate of the mother and child, the relationship between humans and nature, and the artistic significance of the poem.*

*The theme of Mother Nature – the swan – is especially vividly expressed. The lament of a mother who could not save her only child from illness resonates deeply. "Zhetimkol" is a solitary lake, sprawling atop a mountain peak. A beautiful image on the surface of the picturesque lake – a clear reflection of the sorrow of the blue mountain. The central issue raised by the poet in this poem is the preservation of the invaluable beauty of nature without harming the sacred bird.*

*The poem vividly portrays a mother's heart, deeply concerned for her child's well-being. The poet skillfully crafts the image of a mother caught between two choices. The author's message in the poem revolves around the care, protection, and preservation of Mother Nature. The detailed depiction of the mother's portrait underscores that, for a mother, her child always holds the most important place, serving as the essence of her life and a piece of her heart.*

**Keywords:** poet, poem, Zhetimkol, mother, swan, plot, nature, saint, lake, literature, epos.

### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Безаубекова Алмагул Даненовна** – филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Мәлікзада Аружан Мәлікзадақызы** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 4-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Айтқазы Әйгерім Аманбайқызы** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 4-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Безаубекова Алмагул Даненовна** – кандидат филологических наук, кафедра теории языков и литературы, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Мәлікзада Аружан Мәлікзадақызы** – студентка 4 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Айтқазы Әйгерім Аманбайқызы** – студентка 4 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Bezaubekova Almagul Danenovna** – Candidate of Philological Sciences, Department of language theory and literature, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Malikzada Aruzhan Malikzadakyzy** – 4-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Aitkazy Aigerim Amanbaykyzy** – 4-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**  
филология гылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
**Бекмагамбетова, М.Ж.,**  
тарих гылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
**Бейбітова, Н.Б.,**  
«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
ББ 3-курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

## САЙЫН МҰРАТБЕКОВ «ЖУСАН ИІСІ» ПОВЕСІНДЕГІ – АЯН БЕЙНЕСІ

### Түйін

Ақынның «Жусан иісі» повесінде созыс кезіндегі балалардың тағдыры суреттепеліп, магынасы концептілік құрылымдар арқылы ашылады. Аянның тағдыры арқылы автор сол кездегі балалардың ерте есейіп, өмірдің аңы тұстарымен бетпе-бет келуін, балалықтың аңсарлы сәттерін және сағыныштың символын суреттейді. Повестегі басты кейіпкер Аян – өмірдің

қындығын ерте жастан сезінген, бірақ өзінің нәзік жан дүниесін сақтай білген ерекше кейіпкер. Оның тағдыры арқылы автор соғыс жылдарындағы балалар өмірінің ауыртпашилығын, жалғыздық пен сагыныш сезімін шебер бейнеленеді. Аянның ертегі айтуы оның ішкі әлемінің байлығы мен рухани күшін айқындаса, жусан иісіне деген сагынышы тұған жерге, балалық шаққа деген шексіз маҳаббатын білдіреді. Аян бейнесі – қайсарлық пен мейірімділіктің улгісі ретінде оқырманның жадында мәңгі сақталады.

**Түйінді сөздер:** соғыс, сүм тағдыры, сагыныш, болмаган балалық шақ, жетімдік, шарасызыңыз, төзімділік.

## **1 Кіріспе**

Сайын Мұратбеков – қазақ прозасында орны айқын, көркемдік әлемімен баураған жазушының бірі. Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде халық құрметіне бөлленген жазушы, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, көркемсөз зергері, бөлекше дарын иесі Сайын Мұратбековтың алғашқы шығармалары 50-жылдардың аяғында жариялана бастаған. Содан бергі уақытта «Мениң қарындасым», «Ауыл оты», «Көкорай», «Отау үйі», «Жабайы алма», «Дос іздел жүрмін» атты жинақтары, тандамалы шығармалар жинағы жарық көрген. Сайын Мұратбековтың әдеби мұрасы 30-дан астам көркем шығармадан тұрады, бұл ретте оның шығармалары әр жылдары жарық көріп, қазақ әдебиетінде өз орнын тапқан.

Ақынның соғысқа арналған шығармаларының ішінде: “**Жас буын**” – бұл романында соғыс жылдарындағы жастардың өмірі мен олардың құресін бейнелейді; “**Құлымым, мені тыңда!**” – повесінде соғыс кезінде отбасылардың тағдырлары мен қасіреттері туралы баяндалады; “**Солдат**” – әңгімесінде соғыстың ауыртпалықтары мен жауынгерлердің психологиялық күйі туралы жазылған. Ақын соғыстың адамдарға, әсіресе жастарға, әсерін терең әрі шынайы қөрсетеді.

Смағұл Елубаев: «*XX ғасырдың екінші жартысында қазақ әңгімесін жаңа белеске көтерген осы қаламгер десем қателеспеймін. Мен Сайынды мақтагым келмейді. Кез келген көзі ашиқ оқырман оның прозасына көз жүгіртсе, оның ірі талант, жазғандары шетінен дүр дүние екеніне көз жеткізер еді*», деп бағалайды [1].

Сонымен бірге, шығармада кейіпкерлердің ішкі әлемін және қазақ ауылышындағы өмірдің тынысын көрсету үшін концептілік құрылымдарды қолданған.

Концепт мәселесімен кешенді түрде зерттеу жүргізген ғалымдар Д.С.Лихачев, А.Вежбицкая, В.В.Колесовтың енбектерінде концепт термині негізінен мынадай екі аспекттінін шенберінде қарастырылады. Біріншіден, концепт рухани мәдениеттегі тірек сөздер деп танылса, екіншіден, ол психоментальды құбылыс, алғашкы түсінік деген тұжырымдамаларды қамтиды.

Концепт дегеніміз – тиісті лексика-семантикалық парадигманы құрайтын тілдік іске асырылымдардың тұтас бір қатарын білдіретін вербалды мағына, тілдік мәнерге ие және этномәдени ерекшелік белгіленген ұжымдық бірлік [2, 122].

## **2 Материалдар мен әдістер**

Мақаламызда, айта кеткендей, жазушының “**Жусан иісі**” повесіндегі Аян бейнесі талданады. Әдіс ретінде мазмұндық талдау қолданылды, онда Аянның тұлғалық ерекшеліктері, қындықтарға төзімділігі және шығарманың жалпы идеясына қосқан үлесі қарастырылды. Аянның тұлғалық қасиеттері басқа кейіпкерлермен салыстырмалы түрде сарапталды. Нәтижесінде, Аян бейнесі арқылы автордың оқырманға жеткізгісі келген негізгі идеясы – қайсарлық, адамгершілік және үміттің құндылығы анықталды.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

Сайын Мұратбековтің “**Жусан иісі**” повесі – соғыс тақырыбын терең түсіндіретін, оқырмандардың жүргегіне терең әсер ететін шығармалардың бірі. Повесте Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының, жетім балалардың қыншылықтары мен ауыртпалықтары,

соғыс әсерінен отбасылардың бөлінуі, адамдардың жан жарасы, сондай-ақ, туған жерге, отбасыға деген сағыныш көрініс табады.

Тұрсын Жұртбаев: «Жусан иісі» Сайын Мұратбековтың творчествосындағы үздік жетістіктерінің бірі болып табылады. Ұлы Отан соғысы жылдындағы ауыртпалықты суреттейтін шығарма да, бала кейіпкер де мол. Бірақ бұл туынды олардың ешқайсысына да үқсамайды. Оқиғаның өрбүгі мен құрылымы да, логикалық ақыл-ойдың дара сабактаса дамуы да, лирикалық шығарманың ішкі жан-дүниесі де оқшау. Көз алдыңдан қара жолдың шаңын аспанға шығара, жарысын бара жастаң балалардың соңында аяғын сылтып басып, жете алмасын білгенде: «Әй, тоқтаңдарши, бір қызық ертегі айтайын», – деп соқпақ шетіне отыра кететін Аянның бейнесі кетпейді – деп шығарманы бағалаған [1].

Жазушы шығармада типтік бейне Аян арқылы тек бір баланың бейнесін емес, ол жалпы соғыс жылдарында ата-аналарынан жастайынан жетім қалған балалармен, тәтті балалық шақтарынан қапы қалған балалар тағдырын суреттеген. Аянның образы арқылы балалардың шынайылығы мен мөлдірлігін, әлемді қабылдаудың тазалықты көруге болады.

Жусан иісі повесіндегі басты кейіпкер Аян бейнесін жазушыбылайша суреттейді:

- *Анадай жерде: шолақ жең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза бір бала тұр екен. Біз қараган кезде ол өзінше әлдеқандай бол кейкіп, екі қолын қалтасына сап шіреніп қойды* [3, 2].
- *Ол өте ақ көңіл, ақылды бала екен. Адамды іш тартып тұратын жайдары жүзі, не десең де тез көне кететін жұмсақ мінезі бізді бірден үйріп әкетті* [3, 3].

Аянның бейнесі арқылы автор қазақ баласының таза, адаптацияның мейірімді табиғатын көрсетеді. Ол – болашақтың үміті, жаңа ұрпақтың символы, қоғамдағы игі өзгерістердің бастаушы бейнесі.

Шығармада «Жетімдік», «Үмітсіздік», «Қаралы хат», «Үміт» концептілік құрылымдар кездеседі.

*Аянның әкесі майданга аттанып, тұган анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты* [3, 1]. Бұл жағдай Аянның өміріне терең із қалдырады. Ол ерте жастан ата-ананың махаббаты мен қамқорлығынан айырылып, жалғыздықты сезінеді, жетімдіктің тауқыметін тартады.

**ЖЕТИМ** – сын. 1. Ата-анасы жок (бала) [4, 368].

“Әке” – қазақ мәдениетінде және жалпы қоғамда маңызды әрі көпқырлы ұғым. Әке отбасының тірегі, балаға бағыт-бағдар беруші, қорғаушы және тәрбиенің басты ұлгісі ретінде көрінеді. Әкениң беделі, мейірімділігі, қаталдығы мен талапшылдығы баланың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпал етеді. Ал әкесіз өскен бала кейде өмірдің әртүрлі белестерінде күрделі қындықтарға тап болуы мүмкін, себебі әке балаға өмірлік бағыт, қорғаныш сезімін және өзіндік сенімділік қалыптастырады.

“Ана” – кез келген баланың өмірінде ерекше орын алады. Ана баланың алғашқы тәрбиешісі, алғашқы досы, рухани демеушісі. Ол арқылы бала мейірімділік, қамқорлық, сенім мен жанашырық сияқты құндылықтарды бойына сініреді. Ал анасыз өсу – бала өміріндегі үлкен сынақ. Анасыз өскен бала ерте есейеді, жауапкершілікті тезірек сезінеді. Ол көбіне өмірдің қыншылықтарына төзімді болып өседі, бірақ жан дүниесінде мәңгілік анаға деген сағыныш сақталып қалады.

Шығармадағы Аянның анадан ерте айырылуы оның тағдырын күрделендіреді, жалғыздық пен сағынышты күштейтеді.

...Біз, балалар, көшеде екіге жарылып ап, қағазга топырақ орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенбіз. Ары өтіп, бері өткен кемпір-шал: «Желкең қылғырлар-ай, соғыс аздай, бұлар атысып ойнады дегенді қадай шағарды осылар, басқа ойын аз ба-е!..» – деп ұрсып-ұрсып қуып тастайды [3, 1].

Бұл үзіндіде балалардың соғыс ойынына еліктең ойнап жүргені суреттеледі. Ойын барысында олар топырақ оралған қағазды лақтырып, бір-бірімен “атысады”. Үлкендер соғыстың зардабы аз болғандай, балалардың сондай ойындарды ойланап тапқанына наразы.

Бұл жерде үлкендер мен балалардың өмірлік тәжірибесі арасындағы айырмашылық көрсетілген: үлкендер соғысқа ұқсас әрекеттерге қатты алаңдаса, балалар оны тек қызық ойын ретінде қабылдайды.

Шығармадан соғыс жылдарындағы балалардың психологиялық жағдайын да көрсетең: олар үшін жақындарымен байланыс орнату, өсіреле майданда жүрген әкелері мен ағаларына хат жазу үлкен үміт пен арман болған.

**ҮМІТ** – з а т. 1. Белгілі бір істің, ойдың жүзеге асуына білдірілген сенім, дәме [4, 552].

“**Үміт**” – адамның алға қойған мақсатына жетуге деген ынтасын оятып, кез келген қындықты женуге көмектесетін күш ретінде қабылданады. Ол адамға өмірдің күрделілігіне қарамастан, жақсы күндерге сеніп, болашаққа үмітпен қарауға мүмкіндік береді. Қазақ халқы үмітті өмірдің тірегі, адамды алға жетелейтін жарық сәуле ретінде түсінеді. Үміт арқылы адамдар қыын-қыстау кезеңдерде өзіне күш-куат жинап, сабырлы болып, әрқашан болашақтан жақсылық күтеді. Үміт жоғалғанда, адам рухани әлсірейді, ал оны сактау өмірдің кез келген сынақтарына төтеп беруге жәрдемдеседі. Сонымен қатар, «*үмітсіз шайтан гана*» деген мақал үміттің жоғалмауын насиҳаттап, адамның кез келген жағдайдан шығуға қабілетті екенін еске салады.

Оны мына үзіндіден көре аламыз:

*Аян екеуміз бір партага отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтага жазған әріттерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріттен гана өткенімізге көнілі толмай: барлық әріттерді тезірек неге үйреттейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, – деп күңкілдейтін. Әрине, майдандагы әке-агамызга хат жазу бәріміздің де көкейіміздегі асыл арманымыз еді [3, 7]...*

*Сөйтіп, бас-аяғы бірер айдың ішінде әріттерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап, жаза алатындаи халғе жеттік. Ал Аян болса, кәдімгідей: «Аса жансан артық көретін ага...» деп бастап, хат жазатын болды. Ендігі оның қуанышында шек жоқ еди. Күнде сабақтан кейін үйіне келісімен төр алдына етбетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап қойып, бет-аузын сия-сия гып агасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазаса, кейде өз бетінше жаза беретін. Бәріміз де үйренедік. Енди біздің ауылдан күніне майданға сөзі де, мазмұны да, кейде тіпті кісі аттары бірдей жыныра-отыз хаттан кетіп жататын болды [3, 7].*

Әрине, соғыс уақытында жақындарын сағыну – үміт пен үрейдің араласқан күйі. Күн сайын олардың аман-есен оралуын күту, әр келген хатты қорқынышпен ашу, әрбір хабардан қайғылы жаңалықты естіп қаламын ба деп қауіптену – осының бәрі үлкен психологиялық сынақ. Мұндай сағыныш тек олардың амандығын тілеумен ғана шектелмей, сондай-ақ бейбіт күндерді аңсай, соғыс аяқталып, өмір қайта қалпына келеді деген сеніммен ұштасады. Мысалы:

*Тұнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін иісін иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Бір түрлі жусанның иісі сияқты жақсы иіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да ұзақ-ұзақ иіскедім... Эжем ылғы: «...агаңды анау Жусантөбенің үстінде, мал қайырам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін... [3, 24].*

– Мен де ылғи көкемнің пальтосын жамылып жатамын. Мениң көкемнің пальтосынан да жусанның иісі шығып тұрады – деді бір бала. Сөйткені болған жоқ, түстүстан жамырай дуылдан согыста жүрген әкелеріміздің, агаларымыздың үйде қалған күйдерін еске алып, олардан шығатын иісті сөз етіп кеттік. Және бір қызығы – көпшілігіміз ол иісті жусанның – дәл өзіміздің ауылдың іргесіндегі жусанның иісіндей дестік [3, 25].

Бұл үзіндіден баланың ағасына деген сағынышы мен оған жақындық сезімін аңғарымыз. Ағасының пальтосын басына жастап, оның иісін иіскеуі – бауырмалдық сүйіспен-шілдіктің көрінісі. Жусанның иісіне ұқсас хош иіс арқылы бала ағасын сезініп, оны ойша

қасына жақындағысы келеді. Жусан иісі – казақ мәдениетінде туған жердің, даланың иісімен астасқан символ. Бұл иіс арқылы бала ағасын туған жермен және балалық шағымен байланыстырады. Әжесінің “Ағанды Жусантөбенің үстінде тапқанмын” деген сөзі ағасының өмірімен байланысты бір аңыздай әңгіме. Бұл оқиға бала санасында ағасын ерекше тұлға, тағдыры қызық жан ретінде елестетеді. Осылайша, мәтінде баланың жақын адамдарына деген сағынышы мен оларға деген ыстық ықыласы шебер берілген.

Балалардың тағдыры тек осымен ғана шектелмеді. Олардың көпшілігі кедейліктің, аштықтың, ауыр жұмыстың, психологиялық жарақаттардың зардалтарын тартып, өмір сүру үшін күресуге мәжбүр болды. Ата-анасынан айырылған Аянның тағдыры бөтен үйдің есігін паналаумен, солардың қас-қабағына қараумен өтті. Мысалы; *Мен үн-тұнсіз жер шұқылап босағада тұрдым-тұрдым да, мұнан өзге ештеңе айтылмаған соң, аяғымды, сырт күмімді шешіп, төрге өттім. Тамақ сұрап ішуге бата алмай, сыйдырысыз шешініп, тәсегіме жаттым.*

– Сорлы жетімнің көрген күні сол да... – деді бір кез анам ауыр күрсініп. – Қорғары жоқ болған соң басынганы гой.

... Бапайдың кемпірі шалы екеуіне ғана майга бәктеріп талқан шылайды да, «сенің тісің бар гой» деп Аянның алдына бір уыс қуырган бидай төгеді. Міне, Аянның кешкі қорегі осы. Ол үн-тұнсіз қытырлатып отырып алдындағы бір уыс бидай біткение шай ішеді де, онан соң шынысын төңкөріп қуысқа келеді [3, 15].

... Бір тәуірі Бапай да, оның кемпірі де біздің сөзімізге құлақ салмайтын. Майға шылаган талқанды қөсіте асан, ыстық шайға бойы бусанған қарт, қолтығындағы жастығын мыжғылай түсіп, рақаттана кекіріп қоятын да: Енелерінді үрайын, осы екеуінің-ақ сыбыр-күбірі бітпейді екен, ә. Олар ұйықтасымен-ақ Аян әлгінде ышқырына тыққан күйелеш масақтарды алып, үгіп-үгіп аузына құятын. – Жеп көрші, тәтті, – деп бір-екі масақты маган да ұстаратын. Үгіп-үгіп шала піскен дәнді мен де аузыма құямын, бірақ шики дәмі білініп тұрғандықтан жұта алмай, шайнап-шайнап түкіріп тастайтынын [3, 17].

Бұл үзіндіде Аянның аштыққа тап болған кездегі амалсыз әрекеті мен төзімділігі сипатталады. Ол Бапайдың кемпірі мен шалы ұйықтағаннан кейін ғана ышқырына тығып алған күйелеш масақтарды ұрланып жейді. Аянның басқа амалы жоқ болғандықтан, піспеген дәндерді де тәтті санап, соған риза болады. Ол достық пейілмен бір-екі масақты баяндаушыға да ұсынып: «Жеп көрші, тәтті», – дейді.

Бұл сәт балалардың аштық пен жоқшылықта түрлі қыындықтарға тап болғанын көрсетеді. Аянның піспеген дәнді “тәтті” деп ұсынуы оның қыын жағдайға бейімделгенін, барды қанағат еткенін білдіреді. Үзінді арқылы автор жоқшылықтың балаларға тигізген ауыр әсерін және Аянның сабырлы, төзімді мінезін терең ашады.

... Кейде мен үйден нан алып келетінмін. Аян нанды көргенде, көзі отша жанып, екі ұртына кезек бұралай тығып, қақалып қала жаздайтын. «Тазы да бар ма? Тазы да?..» – деп менің қалтамның тубіндегі қоқымга дейін қағып, дегбірі қалушы еди [3, 17].

Аянның “жаутандап жатуы” оның бойындағы қорқыныш пен шарасыздықты көрсетеді. Бұл баланың қорғансыз күйі оқырманға жанашырық тудырып, оның басындағы қайғының терендігін сезіндіреді. Осы сәтте ол Аянның қасына келіп, оған қолдау көрсетуі достық пен жанашырықты білдіреді. Мәтін ауыр физикалық зорлықтың балалар өміріндегі орны мен салдарын көрсетумен қатар, қыын сәтте достықтың маңызын да бейнелейді.

Жалпы соғыс жылдарындағы жас балалар өз күндерін өзі көру үшін еңбекке ерте жастан араласуларына тұра келді. Өздеріңін балғын балалық шақтарының еш қызығын көре алмады. Бұл сәттер төмендегі үзіндіде айқын көрінеді; *Көктем шыға колхоз жұмысына біз де араласқанбыз. Ортасына сым темір салып өртеген бір-бір дойыр қамышыны қолымызға алып, өгіз жеккен соқаның басына міндік. Жесір әйелдер мен бой жеткен қыздар соқаның артын ұстайды. Арайланып таң білінгеннен бастап ымырт қараңғысына дейін жер жыртамыз.*

... Таңдайымыз кеүіп, қаңырығымыз тұтеп, қарнымыз ашып, қамиши сілтеуге әліміз құрып, бас айналып, көз қарауытып, қалғып-мұлғи бастаған кезімізде соқа ұстаган әйел баюу унмен:

– Эй, ұл, айдасанышы өгізіңді, – дейді [3, 18].

Ақырында өзінің қолың ауырып сырқырап кетеді. Сондайда өгізден домалап түсіп жер тенкілеп жылағың келеді [3, 18].

Басты кейіпкер Аянның ауыртпалықты ересектермен тең деңгейде көтеріп жүргенін және балалар еңбегінің еш ескерілмей, қалыпты жағдай саналғанын аңғарамыз. Осы сәт арқылы автор жоқшылық пен ауыр тұрмыс жағдайында балалардың балалық шақтың қызығынан айырылып, үлкендердің ауыр еңбегіне ерте араласуға мәжбүр болғанын көрсетеді.

Бұл шығарманы оқып отыра, соғыстың зардабын айта кетпеске болмас. Аянның тағдырына ерекше тоқталу арқылы автор қындықтардың оған басқа балаларға қараганда көбірек ауыр тигенін білдіреді. «Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады» деген сөздер Аянның өмір жолының ауыр болғанын және оның көптеген сынақтардан өткенін аңғартады. Бұл үзіндіде жалпы соғыстың ауыртпалығы мен Аянның жеке басындағы қындықтардың тоғысыу жан тебірентерлік түрде суреттеледі.

*Кү соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ біздің жүргегімізге салған жарасы қанишама еді. Сол жараның тыртығы өмір бойы үдай сыйдал, жанга батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылmas. Асыр салар балғын шағымызда тағдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды гой. Сонда да болса басқамыздан гөрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегендеге ештеңесін аямады [3, 26].*

... Улкендер «жасау шегінді» десіп, күн сайын бір қуанышты хабар айтып жүрді. Мұның өзі біз үшін «ертең соғыс бітеді» дегенмен бірдей еді. Әскерден біртіндең ер-азаматтар қайта бастады. Бәрі жаралы бол қайтқандар: бірі қолынан, бірі аягынан, бірі қабырғасынан, бірі көзінен айрылғандар.

... Бұл жолғы қаралы қағаз, көшеде ойнап жүрген балалардың ең соңында, белі бос штанының ауын бір қолымен көтере ұстап, сол аяғын көлденеңінен солтақтай жүгірген күйде: «Ей, тоқтаңдарши, мен сендерге кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деп жалына дауыстай жүгірген Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзақ отырып екі-үш рет ежіктеп оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты [3, 27].

**“Қаралы хат”** – қазақ мәдениетінде және әдебиетінде ерекше мәнге ие символдық ұғым. Бұл концепт халықтың өмірі мен тұрмысындағы қайғылы хабарды, қаралы жағдайды жеткізуін дәстүрлі символы ретінде көрініс табады. Қаралы хат әдетте соғыс немесе ауыр апат кезінде туыстарына жеткен қайғылы хабарды білдіреді. Хаттың “қаралы” аталуы оның мән-мазмұнына байланысты: бұл хат жақын адамының қазасы туралы хабарлаған, адамдардың өміріне ауыр қайғы әкелген ақпарат ретінде қабылданады. Әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында көптеген отбасылар осындай қаралы хат алғып, жақындарынан айырылғанын білді.

Шығармада соғыстың балаларға тигізген ауыр зардабы суреттеледі. Мәтін авторы балалық шақтың соғыс жылдарында өтуі жүректе жазылмас жара қалдырғанын айтады. Бұл жара уақыт өткен сайын ұмытылмай, өмір бойы «үдай сыйдал» жанға бататынын жеткізеді. Соғыс тек ересектерге ғана емес, балалардың да қабырғасын қайыстырып, олардың балғын шағын қайғы-қасіретпен көмкергені атап көрсетіледі.

*Аян қараңғы бұрышта бір уыс бол бүрісіп, екі алақанымен бетін басып солқылдан жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сұртті де, қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл бол кетіпти. Маган қарады да өз-өзінен жымысып күлді [3, 27].*

Аян ауыр сезімдерін артқа тастап, сыртқы әлемге жымысып қарау арқылы өз-өзін жұбату жолын іздейді. Бұл баланың эмоционалдық күресін және соған қарамастан, өмірге деген құштарлығын білдіреді.

Панасыз қалған балалар қоғамның назарынан тыс қалмады. Кейбіреулері балалар үйіне, интернаттарға орналастырылса, ал басқалары туыстарына немесе көршілеріне қарап өмір сұрді. Балалар арасында бақыт іздеу, достарымен бірге ойын ойнау, өмірге деген үмітті сақтау сияқты сәттер де болды. Дегенмен, олардың психологиялық жағдайы мен эмоциялық тұрақтылығы әрдайым сынға түсіп отырды.

*Аян балалардың бәрімен қол алысын қоштасты. – Мен әлі бәріңе хат жазып тұрамын, – деді күлімсіреп* [3, 29].

Бұл сәт балалардың өмірінде болып жатқан өзгерістер мен өмірдің қыншылықтарына қарамастан, достықтың маңыздылығын, адамдар арасындағы байланысты сақтаудың қажеттілігін атап етеді. Аянның күлімсіреуі – қындықтарға қарсы тұруға деген батылдығын да аңғартады.

## 5 Қорытынды

“Жусан иісі” повесі арқылы Сайын Мұратбеков қын-қыстау замандағы ауыл өмірін, адамдардың ауыр түрмисын және сол қындықтар ішінде ерте есейген балалардың тағдырын суреттейді.

Соғыс – адамзат тарихындағы ең қайғылы оқиғалардың бірі, оның әсері адамдардың өміріне, қоғамға және әсіресе, балаларға тигізетін зияны орасан зор. Соғыс жылдары жетім қалған балалардың тағдыры – осының жарқын мысалы. Соғыс басталған сәтте отбасынан, ата-анасынан айрылған балалар, психологиялық жарақат алғып, өмірлерінің осы кезеңінде ауыртпалықтарды бастан кешірді. Олардың балалық шағы соғыс даңғылында өртке оранып, бақытсыздыққа ұшырады. Әкелері мен аналарының жоғалуы, оларды жетім қалдыру, балалардың болашағына түбебейлі әсер етті. Қөптеген балалар ата-аналарының соғыста қаза тапқанын немесе жараланғанын білмей, қайты мен жоғалтудың ауыртпалығын арқалады. Сонымен, соғыс – бұл тек ересектердің ғана емес, балалардың да өміріне терең әсер ететін ауыртпалық.

Повестегі бас кейіпкердің балалық шағындағы ауыр естеліктер мен жусан иісіне деген сағыныши оқырманды терең ойға жетелейді.

Автор қарапайым, бірақ жүрекке әсер ететін тілі арқылы бұл шығарма қазақ әдебиетінің мәңгілік құндылықтарының бірі болып қалады.

Жетім қалған балалардың тағдыры – соғыстың қатыгездігін көрсететін, олардың қорқыныши мен ауыртпалығын білдіретін шынайы мысал. Сондыктан, соғыс салдарынан зардал шеккен балаларға назар аударып, оларды қолдау, қорғау – қоғамның басты міндепті болды. Аян – өмірдің ауыр сынақтарын бастан өткерсе де, жүргегіндегі мейірім мен бала қиялын сақтап қалған кейіпкер. Оның тағдыры арқылы біз өмірде кездесетін қындықтар адам рухын әлсіретпеуі керектігін түсінеміз. Аянның ертегіге құштарлығы мен айналасына жылу сыйлау қабілеті адамзаттың ең асыл қасиеттерін бейнелейді. Ол бізге төзімділік, мейірімділік және тұған жерге деген сүйіспеншілік секілді құндылықтарды ұғындырады. Аян бейнесі – қындықтарға қарамастан адамдық келбетін жоғалтпаудың үлгісін түсіндіреді.

**Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (грант № AP19678146).**

## Әдебиеттер тізімі

1 «Зергер сөздің шебері». – <https://pushkinlibrary.kz/kz/>.

2 Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасындағы ғаламның тілдік бейнесі // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – Алматы, 2005. – №11. – 15-18 б.

3 С. Мұратбеков «Жусан иісі». – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2021. – 30 б.

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т. Жанұзақ, С. Омарбеков, Ә. Жұнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БЕКМАГАМБЕТОВА, М.Ж., БЕЙБИТОВА, Н.Б.  
ОБРАЗ АЯНА В ПОВЕСТИ САЙЫНА МУРАТБЕКОВА «ЗАПАХ ПОЛЫНИ»**

В рассказе поэта «Запах полыни» описываются судьбы детей во время войны, а его смысл раскрывается через концептуальные конструкции. Через судьбу Аяна автор описывает детей того времени, рано взрослеющих, сталкивающихся с горькими сторонами жизни, тоскливыми моментами детства и символом тоски. Аян, главный герой повести – особенный персонаж, который с ранних лет почувствовал трудности жизни, но сумел сохранить свою нежную душу. Через свою судьбу автор умело изображает боль детской жизни в годы войны, чувства одиночества и тоски. Повествование Аяна раскрывает богатство и духовную силу его внутреннего мира, а тоска по запаху полыни выражает его безграничную любовь к родной земле и детству. Образ Аяна навсегда останется в памяти читателя как пример мужества и доброты.

**Ключевые слова:** война, зловещая судьба, ностальгия, несуществующее детство, бедность, отчаяние, выносливость.

**BEKBOSSYNOVA, A.Kh., BEKMAGAMBETOVA, M.Zh., BEIBITOVA, N.B.**

**THE CHARACTER OF AYAN IN SAIYN MURATBEKOV'S STORY «THE SCENT OF WORMWOOD»**

*In the poet's story "The Scent of Wormwood," the fates of children during the war are depicted, with its meaning unfolding through conceptual constructs. Through the fate of Ayan, the author portrays the children of that era – forced to grow up early, confronting the bitter realities of life, melancholic childhood moments, and a symbol of longing. Ayan, the main character of the story, is a unique figure who experienced life's hardships from an early age but managed to preserve his tender soul. Through his journey, the author skillfully conveys the pain of childhood during wartime, feelings of loneliness, and longing. Ayan's narrative reveals the richness and spiritual depth of his inner world, while his yearning for the scent of wormwood symbolizes his profound love for his homeland and childhood. The image of Ayan will remain forever in the reader's memory as an example of courage and kindness.*

**Keywords:** war, ominous fate, nostalgia, non-existent childhood, poverty, despair, endurance.

**Авторлар туралы мәліметтер:**

**Бекбосынова Асия Хасановна** – филология гылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна** – тарих гылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бейбітова Нұрай Бейбітқызы** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 3-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бекбосынова Асия Хасановна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна** – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Бейбітова Нұрай Бейбітқызы** – студентка 3 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Bekbossynova Assiya Khasanovna** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Bekmagambetova Maissara Zhaugashtinovna** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Beibitova Nuray Beibitovna** – 3-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**  
**филология ғылымдарының кандидаты,**  
**қауымдастырылған профессор,**  
**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,**  
**Қостанай қ., Қазақстан Республикасы**  
**Бекмагамбетова, М.Ж.,**  
**тарих ғылымдарының кандидаты,**  
**қауымдастырылған профессор,**  
**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,**  
**Қостанай қ., Қазақстан Республикасы**  
**Дүйсенбаева, К.Е.,**  
**«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
**ББ 3-курс студенті,**  
**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,**  
**Қостанай қ., Қазақстан Республикасы**

## **БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА САЯХАТ» ПОВЕСІНДЕГІ «БАЛАЛЫҚ ШАҚ» КОНЦЕПТІСІ**

### **Түйін**

Мақалада Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесінде аштықты, репрессияны, согысты көріп үлгерген жас балалардың тағдыры сөз етіледі. Мақалада жазушы өз бейнесі арқылы өзінің гана емес, өзге балалардың балалық шағын көрсете отырып, сол замандағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеп көрсеткен. «Балалық шақ» концептісін беруде жазушы көрісінше өрімдей жас балалардың балалық шақтарының болмауын бейнелеген. Шығармадан тақырыпқа қатысты үзінділер беріліп, олардың мәні мынадай концептілік құрылымдар арқылы анылады: балалық шақ, жоқшылық, шарасыздық, жетімдік, арман, білім алу.

**Түйінді сөздер:** балалық шақ, жоқшылық, шарасыздық, жетімдік, арман, білім алу.

### **1 Кіріспе**

Бердібек Соқпақбаев – өзі өмір сүрген кезеңнің келбетін боямасыз суреттеген қаламгер. Ашаршылық пен жетімдіктің зардабын тартқан жазушы «Балалық шаққа саяхат» повесінде балғын балалығының қындыққа толы болғанын жеткізген. Анасы ұзак уақыт науқастанып, көз алдында өмірден өтеді. Бұл шығармада сегіз жастағы бұғанасы қатпаған бала Бердібектің бір үзім нан үшін ауыр жұмысқа жегілгені, емшектегі інісі Тұрдыбектің тоқтаусыз жылағаны, жетімдіктің зардабын шеккен қын күндері бейнеленген.

Жазушы Сайын Мұратбеков Бердібек Соқпақбаев туралы былай деп ой толғайды: «Бердібек өз көзімен көрген нәрсені ғана жазатын, қағазды бекерден бекерге шимайламайтын еді ғой. Жазады, түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл – Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән қасиет», ал Төлен Қаупенбайұлы жазушыны мына сөздермен сипаттап кеткен болатын: «Бердібек Соқпақбаев – адал да қырағы, оқиға өрнектерін жазбай танып, тап басатын шыншыл, реалист жазушы. Оның шығармаларындағы геройлар өмірі – кәдімгі тіршілік әлеміндегідей қарапайым, жер бетінде жүргендей соншалықты шынайы, соншалықты ілтиpat сезімін тудырып отыратын жандар», ал жазушы Қадыр Мырзалиев Бердібек Соқпақбаев жайлы: «Бердібек Соқпақбаев – сезіне берік, ісіне ұқыпты жан. Мен біletін жазушылардың ішіндегі қарапайым, шаруақоры. Ол – қаламды ғана емес, орақ пен құректі қалай ұстауды біletін жазушы. Өзіне де, өзгеге де қатал, тура, әділ. Творчество адамы, әдетте, салдыр-салактау болады. Бірақ Бердібек олай емес, әскери адам сияқты, әбден жинақы. Ол жұмыс істеп отырған кезде еденде, не стол үстінде көлденен жатқан дүние

көрмейсің. Тіл өнерінде де солай, әр сөздің, әр сөйлемнің өз орындарында түрғанын қалайды. Қашан көңілі толғанша түзетуден талмайды» [1].

## **2 Материалдар мен әдістер**

Мақаламызда айта кеткендей, жазушының “Балалық шаққа саяхат” повесіндегі Бердібектің бейнесі арқылы балалық шақтың болмауы көрсетіліп талданды. Әдіс ретінде мазмұндық талдау қолданылады, шығармада Бердібектің балалық шағында көрген қындықтарға төзімділігі көрсетіледі. Нәтижесінде, Бердібек балалық шағы арқылы автордың оқырманға жеткізгісі келген негізгі идеясы анықталды.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

Қазақ тарихындағы ең қыын кезге – XX ғасырдың орта тұсына балалық шағы сәйкес келген жазушылар көзін аша сала көргенін өмірі ұмыта алмай кетті. Бердібек Соқпақбаев ат жалын тартып мінгенше аштықты, репрессия-ны, соғысты көріп үлгерген адам. Кейін өзін-өзі мәжбүрлей отырып деуге болатын шығар, – ештеңені жасырмастан соның бәрін жазып шықты [2].

Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесінен автордың өз бейнесін көреміз. Автор ашаршылықпен тұспа-тұс келген балалардың ауыр тағдырын өз бейнесі арқылы сипаттап суреттейді. «Балалық шақ» бұл – уайымсыз қундер, асыр салып ойнау, ата-ананың аялы алақанын сезіну арқылы есею. Дегенмен, соғыс балалар тағдырын басқаша бағытқа өзгертуі. Балалардың тәтті балалық шағын ұрлады десек те қате болмайды. Балалық шақтың осы көріністері жазушы шығармасында барынша шынайы бейнеленеді. Сондықтан біз балалық шақ бейнесін концептілік құрылымдар арқылы сипаттадық.

Концепт – әлем бейнесін сипаттайтын тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) жиынтығы. Концепт – адамзат баласының өмір тәжірибесі арқылы жинақталған әлем бейнесінің мазмұндық білімінен тұрады [3, 15].

Дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізгі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан когнитивтік модель (дүниенің ассоциациялық, стереотиптік, эталондық, этикеттік, символдық, бейнелік үлгісі) және сыртқы санада бейнеленген типтері (фрейм, сценарий, ойсурет, схема); ал сыртқы құрылымы – сөз, фразеология, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б. [4, 12].

Концепт ұғымының теориялық негіздерін қалаған ғалымдар Д.С. Лихачев, Н.Д. Арутюнова, Е.С. Кубрякова, А.Н. Мороховский, Н.К. Репцев, В.В. Колесов, А.П. Бабушкин, В.А. Маслов, А.Л. Туревич, А. Вежбицкая, Ю.С. Степанов және т. б.

Ю.С.Степанов: «Концепт – адамның ментальдік дүниесіндегі мәдениеттің негізгі ұясы» – деп жазады. Ол концептінің құрделі құрылышына келесі сипаттама береді: «Бір жағынан алып қарағанда оған ұғым құрылышына қатыстының барлығы жатады, басқа жағынан алғанда концепт құрылышына оны мәдени факті ететіндердің барлығы, бастапқы формасы, этимологиясы, қазіргі ассоциациялар, бағалаулар жатады» [5, 16].

Автор «балалық шақ» концептісінің мазмұнын әртүрлі ассоциациялар арқылы танытады. «Балалық шақ» концептісінің ассоциациясын көрініше балалық шақтың болмауынан және оны мына тілдік бірліктер арқылы көреміз: «жоқшылық», «шарасызыдық», «тоя тамақ жемеу», «жетімдік», ал бала арманының орындалуы «арман» концептісімен бейнеленеді.

«Балалық шақ» – адам өмірінің ең тәтті, ұмытылmas кезеңі. Балалық шақ кімді болмасын сағынтыпай, аңсатпай қоймайды.

**Балалық шақ** – зат . Балалық кез, мезгіл. ... [6].

**Жетімдік** – зат есім. 1. Әке-шешесіз қалушылық, жетім болушылық [6, 752].

«Жетімдік», жетімдіктің тауқыметін тарту яғни, ерте жастан әкесінен немесе анасынан айрылу бала үшін үлкен сынап. Жазушы шығармада өзінің 8 жасында анасынан айрылғанын, анасы өмірден өткен соң, бала Бердібектің жетімдіктің азабын тартқанын шынайы бейнелейді.

Өзегімді өртеген аңы қайғы оңашада көзімнен моншақ жас болып, домалап-домалап кетеді. Бірақ ешкімге көрсетпеуге тырысамын.

Сөйтіп, жетімдік өмірді бастан кеше бастадым. «Жетім» деген сөзде нендей сұық мағына жатқанына мен бұрын көңіл қоймайды екем. Шешем өлген соң, енді білдім. Адамның ар-ожданын тілдеуге де дүниеде бұдан қатал, бұдан аяусыз сөз болмайды екен.

Үлкендер жетім екенімді аяушылықпен есіме салады. Ал балалар ұрысын қалғанда, «жетім» деп бөқтайды [2, 140].

**Жоқшылық** – зат есім. 1. Жоқ болушылық. Қарын жағын – тоқшылық, Ақыл жағын – жоқшылық. 2. Кедейшілік, жарлылық [6, 752].

Ал «**Жоқшылық**» концептісін жазушы мына үзінді арқылы береді:

Агаларым жексүрын плащты Сүмбеге дейін киіп кет деді. Мен кимедім. Қагаз ага киім де, бәрі де табылады демеді ме? Сол сөзді көкейіме түгіп алғам. Әдейі сырт киімсіз, жүрдай болып баруды дұрыс көрдім. Нагашым уйи мына сұықта мені мектепке көйлекшөн тіпті де қуаламайды. Бір сырт киімді қалай да тауып берсе де, мына лағынет плащтан жасаман бола қоймас. «Жыртық шалбардан жалаң бұтым артық» деген екен бір кедей. Мен турадан-тура сол принципті ұстадым [2, 752].

Берілген мысалдан кейіпкердің күнделікті өмірде киетін киімінің болмауы және өз туысынан киім алыш кисем деген үмітін аңғарамыз.

**Шарасыздық** – зат. Амалы жоқтық, дәрменсіздік, лажсыздық. Қысылғанда шарасыздықтан ғөрі айла істеген жөн емес пе? (С. Бақбергенов, Белгісіз.). Ақбаланың амалы құрып, басына түскен шарасыздыққа шыдап келе жатқан-ды ... [6].

«**Шарасыздық**» концептісін жазушы мына үзінді арқылы көрсетеді:

Оралған аңыздан біз масақ тереміз. Әрқайсымыздың қолымызыда атдорба секілді бір-бір дорба. Сол толған кезде қырманға әкеп төгеміз. Қырмандағы астық тұлдықпен, аттың тұяғымен басылады. Күрекпен ұшырылып тазаланады. Қазіргідей әлеп-жәлеп түрган механизация ол кезде біздің өлкеде дүниеге келмеген [2, 45]. Жазушы балалар тағдырының қын болғанын, олардың шарасыздық халге түсіп, ерте еңбекке араласқанын өз бейнесі арқылы ашады.

Жалпы қазақ халқының өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде төрт түлік мал ерекше орын алған. Соғыстан кейінгі ауыр кезеңдер, мал санының азаоюы, егіннің шықпауы, басқа да қынышылықтар халықтың тұрмыс-тіршілігіне қатты әсер етті. Жесе тағам, мінсе көлік, кисе киім болған малдан айырылу қазақ үшін қатты соққы болды.

*Қазақтың бар өмірі малмен байланысты. Мал – тамақ, мал – киім, мал – отын (отқа мал тезегі жасылмай ма), мал – баспана (киіз үйдің бар жамылғысы малдың жүнінен жасалмай ма).*

Жер-суга сыймай жататын малдан бұл кезде тамтық қалмаган... Қазекең мал бағудың гасырлар бойғы азабынан «құтылған». Мал жоқ болған соң, енді әлгі аталағаның бәрі жоқ. Жеуге тамақ болмаганнан өткен аянышты не хал бар екен? [2, 12].

Тамтық қалмаган, Қазекең мал бағудың гасырлар бойғы азабынан «құтылған», мал жоқ болған соң, енді аталағаның бәрі жоқ – деп жазушы Бердібек Соқпақбаев қазақ өмірінде төрт түлік малдың орнының қаншалықты маңызды болғанын әсерлі етіп баяндаған.

Енді бірде жазушы:

Таңтереңгі үақыт. Екі есіктің екеуі де ашық. Төр үйде сыз еденге тәселген құрым киіздің үстінде төрт көзіміз түгел азанғы шайымызды ішіп отырмыз. Шай емес-ау, ақ су... Әкем Үйдірыс кең өңеш, қомағай адам. Қасық оның қолына тиген кезде тостағандагы талқаның бір жамбасы үңірейіп қалады. Науқасшаң шешем қасыққа сирек қол созады. Жұтсаң, кебек жұтқандай өңешті тұтқырлап ұстап қалатын дәмсіз қара талқанды дени сау біздерге үқсан қарптың же алмайды. Мүмкін болса, бір уыс, жарым уыс ақ талқанды өзіне бөлек жасап жейді. *Бір түйір, жарты түйір тәтті табылса, аузының дәмін алып, ақ суды сонымен ішеді* [2, 14]. Осы үзінді арқылы сол замандағы өмірдің қын сәттерін көз алдымызға елестете аламыз.

Шығармада жас балалардың ерте есейіп, жұмысқа ерте жастан араласуы, окуын тоқтатып, масақ теруге жұмысқа шығуы былай деп сипатталады:

*Таңертең ең бір тәтті үйқының құшагында жатқан кездे терезені өрт шыққандай тақ-тақ ұрып оятауды. Өзінде үйқы деген жоқ па, білмеймін. Қанқылдаған даусы миыңды наизаша тесін өтеді.*

*Тұрмасқа лажың жоқ. Апыл-гұптыл киініп, болмаши қарынга салып алып, үйқымыз әлі ашилып болмаған қабақпен кіржсіп үйден шығамыз. Тұсқі азыққа бір бөтепке арпа көже құйып, құшактаң алғанбыз [2, 40].*

Жазушы мына тұста жоқшылықтың балалар тағдырына әсерін, киерге киім болмағанын былай деп жазады:

*Біз жаз бойына аяғымыз күс-күс бол, жалаңаяқ жүргенде, Жанбосын бәтеңке киіп жүреді. Бәтеңке болғанда қандай! Өкшесі мен табанында сәнді бедері бар. Дымқыл жерге мөр басқандай бол, сайрап ізі түсіп қалады. Жанбосынның аяғындағы бұжыр табан бәтеңкеге мен қатты қызығамын. Шіркін, осындағы бәтеңкем болса деп арман етем. Көктем шыға бастағаннан қашан қар жауғанша менің аяғымың өз киімі өзінде. Үнемі жалаңаяқ жүргендіктен, табан сүйел бол қатып қалады. Оны-мұны тікен кірмейді. Кейде тогайдың арасымен елікше орғып келе жатқанда, қарагаштың сояудай мықты шөңгесі майөкшеге кіриш кіріп кететіні бар.*

Ал мына тұста суреткер таңың атысымен кештің батысына дейін тыңбай еңбек еткен балалардың жұмыстан кейінгі хәлдерін былайша суреттейді:

*Кешке жұмыс соңынан екі аяғымыз талтаңдан жүре алмай қаламыз. Қозғе үйқы тығызып отырып, кешке бір пияла, түсте бір пияла, кешке бір пияла арпаның талқанын береді [2, 51].*

Балалық шақтың дұрыс болуы ол әрине ананың сау болуы, анасының тағдыры баласының тағдырына қалай әсер ететінін автор былайша суреттейді:

*Босанған әйелге бесасап күтім қажет. Ондай күтім жоқ. Баладан соң шешем бұрынғысынан бетер сансырап, жүдеген үстіне жүдеп кетті. Саудыраған құр ғана сүйегі қалды. Бас көтеріп, қалқып отыра да алмайды, күндіз-түні төсек тартып жатқанды біледі. Жаялығы сап-сары ала, тырбаң тырбаң еткен Тұрдыбек қойнында. Ол жыламас үшін шешем салпиган құр шандыр мамасын оның аузына салып қояды. Титімдей аузымен Тұрдыбек булк-булк еткізіп сорғанды біледі. Қабықсан құр шандырда сүт бола ма? Сүт шықпаганнан кейін, қу бала еңбегі еш кеткендей, тыптырлан кеп жылайды [2, 121]. Осы үзіндіде Бердібек анасының жаңа босанғанын, інілі болғаннан кейін анасының жағдайы нашарлап, күтінуге халі де, жағдайы да болмағанын суреттейді. Ана тاماқ ішпегеннен соң әрине балаға да сүт шықпайтыны анық. Баланың ашығып жылауы сөз етіледі.*

Балалық шақтың дұрыс болуы, ол әрине әке-шешенің амандығы. Ал шығармада анасынан айрылған кейіпкердің жетімдік тауқыметін тартуы, қиналғаны барынша шынайы суреттеледі.

*Есікten кіре беріп, оң жақ босағага ши құрылып қалғанын байқадым. Өлікті соган салған екен. Аңыраган бойда шидің аузына ұмтылдым. Бірақ әлгі арада тұрған әйелдер жібермеді, ұстап қалды. Сосын әнеугі Қанишайымша жыламақшы болып, анамның агаши төсегіне етпептей барып құладым [2, 138].*

Арман – болашақтан күтер үміт, алға қойған мақсат. Қазақ халқында армансыз адам жоқ делінеді. Арман – концептілік деңгейге көтерілген өрісі кең ұғым. Оның сенім, үміт, болашақ сынды концептілік өрістері бар. «Арман» концептісінде динамикалық күй бар, ол сенімнің, не үміттің нәтижеге жетуі, яғни арманның орындалуы және екіншісі, сенімнің, не үміттің нәтижеге жетпей арманның орындалмауы.

Шығармада кейіпкердің енді есейіп оқысам, білім алсам деген арманының орындалғанын мына жолдардан аңғара аламыз:

*Мектептің алдындағы тақыр көк алаңда әуелі салтанатты жиналыс болды. Мектеп директоры Нәсір Әлиев сөз сөйлемеді. Және біреулерге сөз берілді. Сосын жетіншіні озат*

бітірген бірнеше оқушыға мақтау грамоталары тапсырылды. Жүлде алушы бақытының бірі мен едім. Атым аталаған кезде, сірә, қуанғаннан болар, құлағым шыңылдан кетті.

*Грамота түгел тапсырылып болғаннан кейін Нәсір:*

– Сөз мектеп бітірушілер атынан пәленге беріледі! – деп менің атымды атап келіп қалсын.

Мен бұны күткен жоқ едім. Өйткені ешкім маган алдын ала сен сөйлейсің деп ескертіп айтқан жоқ, дайындаған жоқ. Төбемнен жай түскедей болды. Жүрттың алдына шығып, өзіме қадала қараған көп көзді көріп, есімнен мұлдем танып қалғандай болдым.

*Сондағы сасып-салбырап айтқаным:*

– Жолдастар, жақсы оқысаңдар да, жаман оқысаңдар да өздерің үшін. Міне, мен жақсы оқыдым.

*Бар айтқаным осы [2, 307].*

## 5 Қорытынды

Қорытындылай келе, Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» шығармасында сол кезеңдегі балалардың балғын балалық шақтарының болмауы барынша шынайы суреттеледі. «Жоқшылық», «шарасызыдық», «жетімдік», «арман» концептісі арқылы жас балалардың өмірі, тағдыры суреттеледі. Шығарма кейіпкерлері өмірдің тауқыметін тартса да, болашақтан зор үміт күтіп, қоғамда өз орнын тауып, есейгенін көре аламыз.

**Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (грант № АР19678146).**

### Әдебиеттер тізімі

1 <https://massaget.kz/tmsil/berdbek-kazaktyin-dara-jazushyisyi-33260>.

2 Соқпақбаев Б Балалық шаққа саяхат. – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2023. – 307 б.

3 Касенов Е.С. И.Жансүгіров поэзиясының қатысымдық және танымдық табиғаты / Филологияғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. 10.02.02. – Алматы, 2010. – 24 б.

4 Имашева Г.Е. М.Дулатұлы шығармаларындағы «Фаламның тілдік бейнесі» / Филологияғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторефераты. 10.02.02. – Алматы, 2007. – 24 б.

5 Есіркепова К.Қ., Канапина С.Ғ. Мақал-мәтел тіліндегі концептілік құрылымдар. – Қостанай: ҚМПИ, 2011. – 143 б.

6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ф. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БЕКМАГАМБЕТОВА, М.Ж., ДУЙСЕНБАЕВА, К.Е.**

### КОНЦЕПЦИЯ «ДЕТСТВО» В ПОВЕСТИ БЕРДИБЕКА СОКПАКБАЕВА «ПУТЕШЕСТВИЕ В ДЕТСТВО»

В статье рассказывается о судьбах маленьких детей, видевших голод, репрессии и войну, отраженных в рассказе Бердигека Соқпакбаева «Путешествие в детство». В работе писатель через свой образ показал не только свое детство, но и детство других детей, реалистично изображая жизнь казахского народа того времени. В понятии «детство», писатель, напротив, изобразил отсутствие детства у маленьких детей. Авторами статьи приводятся связанные с темой отрывки, смысл которых раскрывается через следующие концептуальные структуры: детство, бедность, отчаяние, нищета, мечта, образование.

**Ключевые слова:** детство, бедность, отчаяние, сиротство, образование.

**BEKBOSSYNOVA, A.Kh., BEKMAGAMBETOVA, M.Zh., DUISSENBAEVA, K.Y.**

### THE CONCEPT OF CHILDHOOD IN BERDIBEK SOKPAKBAYEV'S NOVEL «JOURNEY TO CHILDHOOD»

The article discusses the fates of young children who experienced hunger, repression, and war, as reflected in Berdibek Sokpakkayev's novel "Journey to Childhood." Through his character, the author portrays not only his own childhood but also the childhoods of other children, realistically depicting the life of the Kazakh people of that era. In the concept of "childhood," the writer paradoxically highlights the absence of childhood for these young children. The authors of the article include excerpts related to the theme, whose meaning is revealed through the following conceptual structures: childhood, poverty, despair, destitution, dreams, and education.

**Keywords:** childhood, poverty, despair, orphanhood, education.

**Авторлар турали мәліметтер:**

**Бекбосынова Асия Хасановна** – филология гылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна** – тарих гылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Дүйсенбаева Камила Ермековна** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 3-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бекбосынова Асия Хасановна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна** – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Дүйсенбаева Камила Ермековна** – студентка 3 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Bekbossynova Assiya Khasanovna** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Bekmagambetova Maissara Zhaugashtinovna** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Duisenbayeva Kamila Yermekovna** – 3-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

ӘОЖ 811.512.122

**Бекбосынова, А.Х.,**  
филология гылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
**Бекмагамбетова, М.Ж.,**  
тарих гылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
**Есенгельды, Э.К.,**  
«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
ББ 3-курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

**БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «АНА ЖҮРЕГІ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ  
БАЛА ТАҒДЫРЫ**

**Түйін**

Мақалада сөзис жылдарындағы балалардың ауыр тағдырлары суреттеледі. Сөзис уақыты олардың өмірлерін түбекейлі өзгертіп, балалық

шактандын айырған еді. Жас балалардың өміріне тигізген соғыстың зардағы мен қияннаты көп болды. Соғыстың қынындығы қатты болса да, баланың өмірі – бала еді. Б. Соқпақбаевтың «Ана жүргегі» әңгімесінде сол кездегі ана мен баланың соғыс уақытында бастап өткізген қыншылықтары баяндалады. Ана мен балага тигізген соғыс зардаптары оте ауыр, әрі көпқырлы болды. Бала соғыстың зардаптарын қанша көрсе де, өмірден еш түнделмей, алдағы уақыттан зор үміт күтіп, өмірде өз орнын тауып, ер азамат болып қалыптасады.

**Түйінді сөздер:** Соғыс, тағдыр, балалық шақ, жоқшылық, майдан, үміт, арман, қуаныш.

## 1 Кіріспе

Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев – көрнекті қазақ жазушысы, балалар әдебиетінің классигі. Б. Соқпақбаев 1924 жылы 15 қазан күні Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Қостөбе ауылында дүниеге келген.

1949 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсын бітірген. Біраз жыл ауыл мектебінде бала оқытқан. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырган» журналында, Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында жұмыс жасаған. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі бөлімде әдеби кеңесші болған.

Шығармашылық жолын балаларға арнап өлең жазудан бастады. Шығармалары «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттері мен «Пионер» журналдарында басылып тұрды. Жазушының тұнғыш өлеңдер жинағы 1950 жылы «Бұлақ» деген атпен жарық көрді [1, 6 б.].

Б. Соқпақбаев өз өмірін көрген-түйгендерін шығармаларына өзек еткен жазушы, сондықтан да шығарма оқығалары барынша шынайы болып суреттеледі. Жазушы соғысты көрген, оның ауырталығын сезінген және соларды шығармаларына өзек еткен.

Соғыстан кейінгі кезеңдерде кеңес балалар әдебиетінің көтерген мәселесінің бірі де – соғыс зардаптары салдарынан өздерінің балдай тәтті балалық, жастық шағын жоғалтқан бүлдіршіндер, жастардың тағдыры жайлы еді.

«Ана тағдыры» әңгімесінде соғыстан кейінгі жылдардағы жас өспірімдердің майдандағы тағдыры барынша шынайы суреттеледі. 11-14 жастағы жасөспірімдердің үлкен адамдардың жұмысын атқарып ерте есейгені, арбамен астық, пішен тасығаны, мақта теріп, қызылша тазалағаны, сиыр, бұзау баққаны, жылқы қайырғаны, ауылда есепші болғаны жазылады. Майданнан оралғандардың көбі ауыр жаракатпен мүгедек болып елге оралды. Зар жылаған ана, жесір қалған әйелдер, жетім қалған сәбилер көп болды. Сондықтан бұл жас балаларға майданда ерекше маңызы бар тапсырмаларды орындауға тұра келді.

Осыған дәлел ретінде көркем шығармадағы үзінділер, газет-журналдардан көптеп мысалдарды көлтіруге болады. Мысалы: «Әкесі соғысқа аттанғанда үш баласы мен анасы артында қалған. Бір уыс бидайға зар болып, қабырғасы қаттай, белі қайыса жұмыс істегендердің қатарында 5 жасар Әзімхан да болған. Күн көрісіне айналған сары сиырды бағу соның мойнында еді. Сиыр сүтін пісіріп, үйітып, айранып ішіп күнелткен отбасы сол кездегі қиналған кездерін әлі ұмыта алмайды. Жалғыз күн көрісі сары сиыр жоғалғанда жан ұшыра іздейтін.

Әзімхан ата да кішкентайынан масақ, мақта терген. Сол кездегі ашаршылық санасында сайрап тұр. Балаларға «бала екен» деп аяушылық таныту болмаған. Достарымен әрқайсына бекітіп берген норманы орындаған жүрген. Кішкентайынан еңбек етудің себебі сол бір уыс дән табу еді [2].

## 2 Материалдар мен әдістер

Б. Соқпақбаевтың «Ана жүргегі» шығармасында Сережаның тағдыры талданды. Әдіс ретінде мазмұндық талдау қолданылып, соғыс кезіндегі Сережаның көрген қыншылықтары қарастырылды. Б. Соқпақбаевтың туындылары өмірдің нақты көріністірін дәл әрі шынайы суреттеумен ерекшеленеді. Жазушы сол заманың ауырталығының қатал тұстарын, жарқын

жактарын боямасыз, оқырманға тура жеткізе білді. Осы мақаламызда жазушыға берілген пікірлер көрсетілді.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

Жазушының көркем шығармаларында, өзі көрген, жүргімен сезінген оқиғалар көрініс табады. Бұл туралы Тұрлыбек Мәмесейіт мынадай пікір айтады:

«Шындық, шыншылдық дегеніміз бұл жерде, тағы да қайталап айтамыз, қаламгердің өзі көріп, әбден көзін жеткізіп, басынан кешірген, болған жайттар» – деп, Б. Соқпақбаевтың сөзін былай келтіреді: «Бір сөзбен айтсам, сол өзін жазатын жазушы менмін. Алыстан арбалап материал жинамаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан, өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өзімді, өз айналамды тербеткен жайттарды дорбалап жинаімын. Солар туралы жазамын. Бұл тұрғыдан алғанда, тағдыр маған көп «көмектесті», кутақыр қалдырмады. Өмірде, адам басында болатын не ғаламат жайттарды, қын-қыстау оқиғаларды қабырғам қатпаған қаршадай кезімнен-ақ менің үстіме аямай үйіп-төкті» [3, 21 б.].

Соғыс жылдары – талай қара шаңырақтың ойранын шығарып, балаларын жетім қалдырып, тыныш, бейбіт өмірдің мазасын қашырған сүм жылдар еді. Біздің халқымыздың аксақалдарын, әке, аға, бауырларымыздың батырлық пен ерліктерін барлық әлем жұртына танытқан ұмытылmas тарихи оқиға. Қазақ елі сол бір уақытта өзінің Отанын, жерін сақтап қалуға бар күшін салды. Қанды соғыс, жауға қарсы құш барлық жерде жүрді. Сол кездерде майданға аттанған, әкелерінің орнына ауыр еңбек еткен балалар мен әйелдер жұмыс жасады. Соғысқа батырларымыз өмірін, бесіктен белі шықпаған сәбілдер балалығын, қыздар нәзік күлкісін, аналарымыз көз жасын берді.

Сұрапыл жылдардағы балалардың тағдыры аянышты болды. Соғыс жылдарындағы тағдырлар, бастан кешірілген азап-қасіреттер шығармада шынайы түрде жазылады.

Шығарма: «Салқын күздің сары таңы Балқия ана бұғін де жайсыз үйқымен атқызыды», – деп басталады.

Ана жүргіг жалғыз ұлын қанды майданға алып кеткендігін, мына жолдардан оқып түсінуге болады. Ана баласының аман-есен келуіне зор үміт артады. Бауыр еті баласын майдан даласына аттандырып, жанын шүберекке түйіп отырады. Жалғыз ұлының тағдырын ойлап, күндіз күлкіден, түнде үйқыдан айырылады.

«Өте бір шошымал түсті Балқия таңға жақын көрді: жалаң аяқ, жалаң бас, көйлекшең қалпы қанды қырғын майдан даласын кезіп, жан ұширып жүгіріп келеді. Іздегені жалғыз ұлы аяулы Мәмбеті» [4, 1 б.].

Енді бірде жазушы: «Ауланың ішіне көзін жайбарақат тастай отырып, Балқия кенет селк ете қалды. Тақтай басқыштың іргесінен сорайып шығып жатқан адам аяқтарын көрді. Өлген адамның жалаң аяқтары тәрізді. Мұздай сұық, бір сезім Балқияның миында зырқ ете қалды. Жаманишылықты өмірінде көп көріп, көндіккен ұстамды Балқия саспады бірақ. Бойын тез жиып алды да, аяқтарға жақындан келді, анықтап қарады. Кішірек бала аяқтары. Тұрпаты күтім көріп жүрген аяқтардай емес, күс басқан, күнге күйген қарала – сатпаң аяқтар», – деп сипаттайды [4, 2 б.].

Балқияның қорасын паналяған баланың бейнесінен оның аянышты күйі көз алдымызға елестейді. Ауылда кең далада бала құсап еркін ойнай алмай, балалық шақтың қызықты сэттерін өткізбеген балалар көп еді...

«Баратын басқа жер таппаган соң түнге дейін көшеде сенделіп жүріп, шаршапты да, иті жоқ оңаша қора болғаннан кейін осы арага келіп қисая кетіпті» [4, 3 б.]. – деп жазады.

Шығармада баланың далада қалып, қорада түнелтуден басқа амалы қалмағанын көрсетеді.

Жазушы Сережаның бейнесін былай сипаттайды: «Сережсаның тұрпаты Балқияның жсаның одан бетер мұңайтты. Қарғыс атқыр қу согыс, біреуді үйде, біреуді тұзде күйзеліске салып, ананы баладан, баланы әкеден айырып, жүргегін қысқаша бүріп алды. Қатал

*тәгдышра кез болып, мезгілсіз жұні жығылған сәби бейне жсан жүйесін елжіретіп жіберді» [4, 4 б.]*

Автор “*жұні жығылған*” сәбидің бейнесі арқылы – оның өмірінің ең нәзік, қорғансыз тұсын көрсетті. Соғыстың қаншалықты қатыгез екенін, балаларға да аяушылық болмағанын байқатты.

Балқияның да жалғыз баласын майданға жіберіп, Сережа сияқты балалардың да қаншамасы қараусыз далада қалып жатқандығы ананың жүргегін қайғыртты.

« – Мениң Мәмбетжансым секілді сен де біреудің жалғызы көрінесің. Бейшара, түрің мынау ит жататын қуысқа қонып шыққан. Жүрші, бермен, тым құрыса ыстық шайға тойғызып жіберейін, – деді Балқия апа» [4, 4 б.].

Шығармада Балқия ананың жана шығармалары ерекше байқалды. Ананың сөздері бейшара күйдегі Сережаға қолдау көрсетіп, жылы жүректің белгісі ретінде қабылданды. «*Жүрші, бермен*» деген сөзі мейірімділіктің сөзі еді. «*Түрің мынау ит жататын қуысқа қонып шыққан*» деуінен қорғансыз баланың жағдайын, қорғансыздық пен жалғыздықтың бейнесін көз алдымызға елестетеміз. «*Істық шай*» – ананың балаға деген қамқорлығы, жылуулығы мен қолдау символы ретінде қабылданады. Балқия ананың жана шығармалары, қолдауы, қыншылықта көмектескені, балаға жаңа үміт сыйлагандай.

Ал, Бақжоға Мұқай: «Б.Соқпақбаев шығармалары мінезінің қатал болатыны, кейіпкерлерінің қат-қабат қыншылықтың бел ортасында жүретіні осының айғағы секілді. Жазушының ерекшелігі – ол шындықтан алшақ алып кететін фантазияның жетегіне ілеспейді. Оның шығармаларында суреткерлік пен фотографтық дәлдік жарысып қатар жүреді. Жазушы өзі өмір сүрген дәуір көрінісін боямасыз дәл бере біледі. Б.Соқпақбаевтың қай шығармасын алмаңыз, өмірдің қан сорғалған шындығы кейіпкерлер тағдырымен қатар өріліп, үлкен көркемдік қорытындылар түзіліп жатады», – деп пікір қалдырады [3, 15 б.].

Жазушы Сережаның «*тұйықтау, бұйығылау*» мінезі арқылы оның жан дүниесінің қорғансыз екенін көрсетті. Ана қайырымдылығының арқасында «*тұйықтау, бұйығылау*» мінезді бала ана сеніміне кірді. Ана қорғансыз балаға өз көмегін бере алды. Ал ана қамқорлығын сезінген Сережаның түр келбетінен қан жүгіріп, өзіне өзі келе бастады.

«*Шашын алдырып, күмін түзеген соң Сережаның кейіп күтім көрген баладай оңала түсті. Мінезі тұйықтау, бұйығылау Сережаның ададығы мен қайырымдылығына Балқия шынайы сүйініп, оны бара-bara өз баласында жақсы көріп кетті*» [4, 5 б.].

Бірнеше айлар өткен соң Балқияның үйіне Сережа келеді. Сережаның бейнесі: Оның сыртқы көрінісі – қара шинель, жез топсалы белбеу және кепка – соғыстың талаптарына сай өзгергенін, бірақ сонымен бірге жаңа жауапкершілік пен ересектікке ие болғанын байқатты. Әңгімeden Сережаның өмірі өзгерістерге толы болып, есейгенін аңғарамыз.

«*Күн артынан күн өте берді. Күмпілдеген қанды майдан бітер болмады, елдің ти-тығына жетті. Онымен қосамжарланып қыраулы қыс келді. Агадағыдан бері із салмай кеткен Сережа бір күні кешкүрим Балқияның үйіне тағы да келіп тұр*» [4, 6 б.].

Сережаның өміріндегі жақсы өзгерістер байқала бастады. Ол баяғыда бұйығы болғанымен, қазір жетістікке жеткен жігіт ретінде сипатталады. Өткен соғыстың ауырталығын еске ала отырып, өзінің бүтінгі жетістіктерінің құндылығын сезеді.

«*Жуырда біз Балқия апайдың үйінде тойда болдық, Сережа үйленді. Баяғы бұйығы Сережа қазір соқтандай жігіт, әйгілі бір заводта цех бастығы, инженер. Жаңа тілеу, жас үміт шаттық кешінде отырып, біз жоғарыдағы өткен өмір белестерін көз алдымызға әкелдік*» [4, 7 б.].

Шығармада жетім қалған балалар қебінese ашығып, ата-анасыз, үй-күйсіз, уақытша лагерьлерде немесе көше кезіп өмір сүрді. Соғыс жағдайында балалар білім алу мүмкіндігінен айырылды. Бірақ жас балалар ауыр жағдайларға төтеп бере білді, сондықтан біз оларды сол уақыттың нағыз батырлары деп білеміз.

«Ана жүрегі» шығармасында соғыс жылдарындағы ана мен баланың аянышты тағдырын көреміз. Сережаның ата-анасыз жетім болғаны, өмірінің мәні қашып, қындықтың тауқыметін тартса да, есейіп, ер жетіп, еңбек етіп, жетістікке жеткені шығармада шынайы суреттеледі.

### **5 Қорытынды**

Соғыс жылдары, осы тарихтағы ең қасіретті және ауыр жылдардың бірі ретінде саналады. Соғыс зардабынан жазықсыз адамдардың қаза болуы, қаншамасы мүгедек болып келді. Ер азаматтарымыз соғысқа аттанып, жартысы өз отбасыларына қайта оралмады. Ауылда қалған әйелдер мен балалар еңбекке тартылды. Ал жас балалар ерте ер жеткенін аңғармай, бір үйдің тірегі, қамқоршысына айналды. Әкелерінің жауапкершілігін алыш, ересектер қатарлы еңбекке араласты.

Қорытындылай келгенде, Сережаның бейнесі арқылы сол кезеңдегі жас балалардың тағдырын, өмірін көз алдымызға елестетеміз. Балдай тәтті балалық шақтан айырылып, ерте есейіп, ер жетіп қанша қындықты көрсе де, қындыққа мойымай, өмірден өз орнын тауып, азамат болып қалыптасқан бейнесін көреміз.

**Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды (грант № AP19678146).**

### **Әдебиеттер тізімі**

1 Бердібек Соқпақбаев: библиографиялық көрсеткіш / Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы; құраст.: Б.С. Ташимова, Г.Т. Умарова. – Астана, 2024. – 144 б.

2 Жанерке Хумар. Балалығын соғыс үрлаган «Оңтүстік Рабат» газеті. – №18. – 2 мамыр 2018 ж.: <https://kz.otyrar.kz/2019/01/balaly-yn-so-ys-rla-an>.

3 Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. – Алматы: «Білім», 2005. – 208 бет + 8 бет суреттер.

4 Соқпақбаев Б. Ана жүрегі. – 1963 ж.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., БЕКМАГАМБЕТОВА, М.Ж., ЕСЕНГЕЛЬДЫ, Э.К.**

**СУДЬБА РЕБЕНКА В ПРОИЗВЕДЕНИИ БЕРДИБЕКА СОҚПАҚБАЕВА «МАТЕРИНСКОЕ СЕРДЦЕ»**

*В статье описываются тяжелые судьбы детей военных лет. Военное время навсегда изменило их жизнь и лишило детства. Война, которая затронула жизнь маленьких детей, была жестокой и имела много последствий. Несмотря на то, что война принесла собой ужасную беду, жизнь ребенка была детской. В рассказе Б. Сокпакбаева «Материнское сердце» рассказывается о трудностях, которые испытывали мать и ребенок в военное время. Последствия войны, нанесенные матери и ребенку, были очень серьезными и многогранными. Мальчик, какие бы последствия войны ни видел, не разочаровался в жизни, возлагал большие надежды на будущее, нашел свое место в жизни и стал мужчиной.*

**Ключевые слова:** война, судьба, детство, нищета, фронт, надежда, мечта, радость.

**BEKBOSSYNOVA, A.Kh., BEKMAGAMBETOVA, M.Zh., YESSENGELDY, E.K.**

**THE FATE OF A CHILD IN BERDIBEK SOKPAKBAYEV'S NOVEL «A MOTHER'S HEART»**

*The article describes the difficult fates of children during wartime. War forever changed their lives and deprived them of their childhood. The war, which deeply affected the lives of children, was cruel and had far-reaching consequences. Despite the horrors brought by war, the essence of a child's life remained rooted in childhood. B. Sokpakkayev's novel "A Mother's Heart" tells of the hardships endured by a mother and her child during the war. The war's impact on both the mother and child was profound and multifaceted. The boy, despite witnessing the devastating consequences of the war, did not lose hope in life. He held onto great aspirations for the future, found his place in life, and grew into a man.*

**Keywords:** war, fate, childhood, poverty, battlefield, hope, dream, joy.

### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Бекбосынова Асия Хасановна** – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна** – тарих гылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Есенгельды Эльвира Кайратқызы** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 3-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Бекбосынова Асия Хасановна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Бекмагамбетова Майсара Жаугаштиновна** – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Есенгельды Эльвира Кайратқызы** – студентка 3 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Bekbossynova Assiya Khasanova** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Bekmagambetova Maissara Zhaugashtinovna** – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Yessengeldy Elvira Kairatkyzy** – 3-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

ӘӨЖ 82

**Исова, Э.А.,**

филология гылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теория кафедрасы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨҮ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

**Азимхан, Да.А.,**  
«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
ББ 4-курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨҮ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

## ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ «ЕСКЕРТКІШ» ӘҢГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

### Түйін

Бұл мақалада жазушы Дулат Исабековтың «Ескерткіш» әңгімесінің көркемдік ерекшеліктері талданған. Мақала авторы атап алмайтын көркем түсінідірілген негізгі идеясы мен тақырыбын, ойы мен бейнесін айқындағы отырып, шығармада кездесетін көркемдік бейнелерді айшақтайды түседі. Жалпылай алғанда, жазушы Дулат Исабековтың «Ескерткіш» әңгімесі жаңа жақты талданған.

**Түйінді сөздер:** градация, теңеу, метафора, метонимия, синекдоха.

### 1 Кіріспе

Әдебиет деп аталатын айдынды көштің бел ортасында жүріп, әлі күнге дейін оқырманнның ортасында кемел де келелі шығармаларымен жасап келе жатқан жазушы Дулат

Исабеков туындылары руханиятының асыл мұрасы екені сөзсіз. Оның тәрбиелік мәні зор тағылымды повестері, ирониялық ерекшеліктері оқырманның айызын қандыраш әңгімелері, сан алуан ойға жетелейтін көлемді романдары қазақ әдебиетінің басты мұратына айналғалы да біршама уақыттың жүзі болды. Біз де осы бір мәселені жүйелей отырып, жазушының «Ескерткіш» әңгімесінің көркемдік ерекшеліктерін талдауды жөн көрдік. Аталмыш шығарманы талдамас бұрын, жазушының шығармашылық ғұмыры турасында жан-жақты толғанып көргенді абзal санаңык.

Дулат Исабековтың шығармашылық өмір жолы ерте басталады. 1963 жылы басылып шықкан Қазақстан жазушыларының «Замандастар» атты әңгімелер жинағында оның «Жолда» деп аталатын алғашқы әңгімесі жарық көреді осы кезден бастап қаламгердің «Лениншіл жас» газетінде «Шойынқұлақ» атты әңгімесі газет бетінде жарық көріп, кейінірек өзінің жеке «Бекет» атты жинағы басылып шығады.

## **2 Материалдар мен әдістер**

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары «Аңы бал», «Мазасыз күндер», «Қара шаңырақ», «Тіршілік» повестері мен әңгімелер жинақтары, одан соң «Қарғын» романы жарық көрді. Келесі кезекте аудармаларына назар аударатын болсақ, қаламгердің бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылып «Полынь», «Отчий дом», «Сметение», «Новоселье в старом доме» деген атпен басылып екен. Сондай-ақ, оның театр сахнасында табысты қойылып, көрермен журегіне жол тапқан «Редактордың қабылдау күндері», «Әпке», «Ертенгі күту», «Мұрагерлер», «Алыстан келген ананас», «Кішкентай ауыл» т.б. пьесалары да өнер сүйер қауымға жақсы таныс екенін білеміз. Тіпті кейбір шығармаларына көркем фильмдерде түсірілген болатын. Мәселен, «Гаухан тас», «Дермене», «Тіршілік» атты повестері. Ол кісі, сондай-ақ, халықаралық ПЕН-клуб сыйлығының лауреаты болып табылды. Еңалғашқыәңгімесі «Шойынқұлақтан» бастап ширек ғасыр ғажуықуақытішінде жазушы қаламынан көптеген туындылар дүниегекелді. Д.Исабеков шығармашылығының болашақ бағыт-бағдарынайқын бағамдатқаналғашқы повестері – «Гауһартас» пен «Пері мен періште» болды. Адамгершіліктің әлеуметтік құндылықтың, одан өрбитін махаббат пен мейірімділікті кіршіксіз сақтай білудің парыз екендігін жан-жақты зерделеген «Гауһартас», «Мазасызкүндер», «Пері мен періште», «Қарғын» ұлттық әдебиетіміздің гуманистік құрамын байытқан дүниелер. Бұл шығармалар адамгер шілік үшін тек қылы замандар емес, күнделікті тіршіліктің, тұрмыстың өзі де қатал сын болатынын ұғындыратын шығармалар қатарынан орын алады.

## **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

Осындай шығармаларының ішінде жазушының «Ескерткіш» әңгімесіне назар аударатын болсақ, жазушының шығармашылық ғұмырындағы ең көрнекті туындыларының бірі саналады. Жазушының бұл әңгімесі ирониялық сарказм мен юморлық элементтерден құралған. Шығарманы оқи отырып, сіз кейіпкерлердің аңғалдығына, олардың табан астында шығаратын мінезіне таңдана қарап оқимыз. Міне, осындай юмор арқылы әңгімені жазу арқылы Дулат Исабеков іргелі ойларды да тоғыта түседі. Мәселен, осы әңгімесінде ол кенестік кезеңдегі ұрда-жақ, асыра сілтеу, жеке басқа табынушылық секілді адами сол заманының проблемалық мәселелерін көрсете отырып, оның бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып отырғандығын байқап, оның бүгінгі күнде де әлі өзекті мәселе екенін көреміз.

Қаламгердің «Ескерткіш» әңгімесінде көркемдеуіш құралдар мен бейнелі образдарды айқын әрі нақты қолданған. Соның ішінде жазушы метафорага көбірек мән беріп, өте шебер қолданған деп есептеймін. Жалпы көркемдеуіш құралдарының ішіндегі қазақ әдебиетінде метафора қатысты жан-жақты анықтама берген. Аристотель: «Метафора табиғатында жұмбактылық бар», – деп анықтама берген. «Метафора» терминің қазақ тіл білімінде алғаш қолданған – белгілі ғалым А.Байтұрсынов. Ол өзінің «Әдебиет танытқыш» деген енбегінде метафора ұғымын «ауыстыру» деп атайды. А.Байтұрсыновтан соң метафораға тілдік түрғыдан анықтама беріп, талдау жасаған ғалымдар – Р.Барлыбаев пен Б.Хасанов. *Метафора*

көркем шыгарманың белді көркемдегіш құралының бірі болатын болса, Дулат Исабековтың «Ескерткіш» әңгімесіндегі бұл шебер қолданыс тапқан. Мысалы:

Аудандық партия комитетінің секретары Жанайдаров ертеңгілік кабинетіне келіп, шешініп, шашын тарап, иығына түсken ақ қайызғақтарын сілкіп, креслосына отыра бергені сол еді, он жақ бұрыштағы телефон оның отырғанын күтіп тұргандай аяқ асты безілдеп ала жөнелді [Тандамалы, 456-б.].

Осы сөйлемдегі «телефон безілдеді» тіркесі метафораның ұлгісі саналады. Бұл тіркесте негізгі образды «безілдеу» етістігі айқындаған отыр. Яғни, тұтас сөйлемнің ажарын ашуда, телефонның соғылуындағы бейнені көрсетуде осы етістіктің атқарар үлесі басымырақ. Ғылыми энциклопедиялық сөздікте бұл сөздің «безек қағу», «зарлау», «безектеу», «шырқырау» секілді мағыналары қоса келтірілген.

Жұрттың көзі енді үйкіға ене бергенде шотландық ағылшын көрпесі өртенгендей баж етіп орнынан атып тұрды [Тандамалы, 460-б.].

Бұл сөйлемдегі «көрпесі өртенгендей баж етті» деген жолдар анық метафораның ұлгісі.

Теміржол көпірінің қасында ескерткіш деген не тәйір! Қалтаға салып кететін қуыршақ емес пе? [Тандамалы, 460-б.].

Бұл сөйлемдегі «қалтаға салып кететін қуыршақ» дегені метафора болып саналады.

Келесі кезекте теңеуге тоқталамыз. Теңеу – заттың, құбылыстың ерекше белгілерін, қасиетін, сапасын көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу. Теңеу - дай, -дей, -тай, -тей жүрнақтары арқылы, «секілді, сияқты» деген шылаулармен, «ұқсан, құсан» деген сөздер арқылы жасалады. Мысалы, Дулат Исабековтың «Ескерткіш» әңгімесіндегі кездесетін теңеулерді талдан көрейік.

Жанайдаров жылан сорып жатқан құрбақадай табан асты шала-жансар құйге көшті [Тандамалы, 456-б.].

Бұл сөйлемдегі «құрбақадай» теңеуі «-дай» қосымшасы арқылы жасалып тұр. Яғни, Жанайдаровтың сол сәттегі қүйін көрсету мақсатында жазушы оның кейпін «жылан сорып жатқан құрбақадай» деп келтіреді.

Бұрыштамадан бұрыштама соғылып, бұрыштама соғатын сау жер қалмаған соң тілдей-тілдей сілтемелер жапсырылып, Жанайдаровтың алдына әулиенің басындағы шенгелдей сәусілдеп әрең жетті [Тандамалы, 457-б.].

Бұл сөйлемде екі теңеу кездеседі. Құрмалас сөйлемнің алғашқы жай сөйлеміндегі «тілдей» теңеуі «-дей» қосымшасы арқылы жасалып, заттың жұқалығын, жіңішкелігін аңғартып тұр. Екінші жай сөйлемдегі «шенгелдей» теңеуі «-дей» қосымшасы арқылы жасалып, орталыққа жіберілген хаттың шенгел секілді сәусілдеп әрең жеткендігі айтылған. Бұл жерде жазушы екі теңеуді де өте сәтті қолданғаны көрініп тұр.

Кабинетке көздері шөлдің құдығындашай шұңғрайғен, сақалдарының ар жағында не нәрсе жатқаны белгісіз, бірі шашын өріп тастаған, екіншісінің шашы иығын жапқан екі жігіт кіріп келгенде Жанайдаров селк ете қалды [Тандамалы, 457-б.].

«Құдығындашай» теңеуі «-дай» қосымшасы арқылы түзіліп, өте сәтті оралым болып шықкан. Жазушы бұл жерде мүсін жасауышылардың бірінің көзін «шөлдің құдығындашай» деп әжュー етеді.

Ақыры олар Әштенді ұзатылған қыздай киіндіріп, екеуі екі жағынан сүйемелден үйден алып шыққанда «үн» деп демдерін бір-ақ алды [Тандамалы, 459-б.].

Осы тұстағы «қыздай» теңеуі «-дай» қосымшасы арқылы түзілген. Яғни жазушы осы сөйлемді әрлендіру үшін Әштенді «ұзатылған қыздай киіндіріп» тіркесін қолданады.

Оларға қар аралас жаңбырдай өтірік-шыны аралас жауап беріп жатқанда, қас қылғандай обком хатшысы да қастарына кеп әңгімені үйип тыңдай қапты [Тандамалы, 460-б.].

Осы сөйлемдегі «жаңбырдай» теңеуі алдыңғы сөздермен тіркесе отырып, керемет образ тудырган. «-Дай» қосымшасы арқылы жасалынуы арқылы «қар аралас жаңбырдай» тіркесі сол оқиғаның басты көрінісінен хабар береді.

Жазушы сонымен қатар әітімесінде градацияны да әдемі қолданған. Дамыту (градация) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы. Бұл көркемдік тәсіл құрылыш, жүйесі үқсас бірыңғай сөйлемдердің іріктеліп шығуна, ой-пікірдің өткір, әсерлі айтылуына әрі мағыналық өрістің кеңеюіне кең еріс ашады. Келесі кезекте *Дулат Исабековтың «Ескерткіш» әңгімесінде кездесетін градацияларга талдауга көшсек*.

Бірақ Әштен қашан да Әштен ғой, бір күні қызу күйінде паркке барып, бір жігіттің қызын біге шақырып, ол шықпай, оның арты жанжалға, жанжал төбелеске айналып, ақыры Әштеннің сары белдеулі машинамен «қайтуына» тұра келді [Тандамалы, 458-б.].

Жазушының бұл әңгімесінде градиция, яғни дамыту құралы да кездеседі. Осы сөйлемдегі Әштеннің іс-әрекеті дамыта отырып баяндалған. Сөйлемдегі «оның арты жанжалға, жанжал төбелеске айналып» деген жолдағы бір мәселенің жанжалға, жанжалдан төбелеске айналғаны дамыту құралы арқылы түсіндірлген.

Болгариядан! Қашан! Ертең? Ун! Жо-жоқ! Тұнімен үйкітаган жоқ едім, шаршап отырғандықтан шығар. Жарайды, күтеміз!.. [Тандамалы, 461-б.].

Осы сөйлемдегі «Болгариядан! Қашан! Ертең? Ун! Жо-жоқ!» деген жолдар бірінен кейін бірін дамыта тұседі.

Қаламгер шығармасынан Синекдоха да табылған. Бұл метонимияға жақын, өйткені синекдоха да екі ұғымның іргелестігі арқылы жасалады. Мұның метонимиядан айырмасы мынада: метонимияда сандық айырмашылық болмайды; ал синекдохада сандық айырмашылық болады. Егер сан жағынан айырма болмаса, синекдоха болмайды. Синекдохада бір ұғымды екінші ұғымға ауыстырғанда: бірі – ұлкен, екіншісі – кіші; бірі – жалпы, екіншісі – жалқы; бірі – бүтін, екіншісі – бөлшек болуы қажет. Енді *«Ескерткіш» әңгімесінде кездесетін синекдохага тоқталамыз*.

Біздің жақ та қарап қалмай обком хатшысы жауап сөз сөйлеп, белгісіз жұмысшыға қойылып отырған ескерткіш дүние жүзінде бірінші екенін айтты [Тандамалы, 459-б.].

Жазушы Дулат Исабеков өзінің осы әңгімесінде синекдоха, яғни мегзеу көркемдеуіш құралын да сәтті қолдана білген. Жоғарыда көрсетілген сөйлемдегі «біздің жақ» деген тіркес келтірілген. Бұл жерде бұл тіркес белгілі бір топтың бағытын, жиынын айтады. Яғни, бұл жерде тек қана бір жиын ғана емес, оның бірнеше екенін жеткізіп тұр. Осы тұста сөйлеп тұрғандардың бірнеше адам екенін анғартып тұр.

Ең соңғысы Метонимия. Троптың (құбылтудың) бір түрі. Өзара байланысты балама ұғымдарды қолдану, құбылыс орнына оның ерекше қасиетін көрсету. Метафорада ауыспалы, астарлы мағына екі нәрсенің үқастығы негізінде туындаса, метонимияда олардың жалғастыры, айрықша белгісі арқылы пайда болады. *Жазушының «Ескерткіш» әңгімесінде кездесетін метонимияға талдаужасасақ:*

► Тек бұдан бұрынғы оқиғаны айттып қоймасын деп аупарткомның шофері оған үш күнде бір рет «сарығаштың сүйін» апарып беріп тұрады деседі [Тандамалы, 459-б.].

Осы шығармадағы ең үздік образдардың бірі ретінде «сарығаштың сүйі» деген тіркесті айтуымызға болады. Яғни, бұл ішімдік, арақ дегенді білдіреді. Осы бір сөздің орнына «сарығаштың сүйі» деген тіркесті қолдану арқылы жазушы Дулат Исабеков ерекше тіркесті тудырган.

## **5 Қорытынды**

Дулат Исабеков өзінің шығармашылық ғұмырында халқының рухани қорын барынша толықтырған тұлға. Қазақ әдебиетінің айдынды көшінің бел ортасында келе жатқан оның есімі бүгінде барша оқырманға таныс. Оның қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді қозғайтын шығармалары қалың қөшпіліктің көнілінен шығып келеді. Соның ішінде, бүгін біз талдаған

«Ескерткіш» әңгімесі де бірқатар мәселелерді айғақтай түсетіні айқын. Біз де өз шамашарқымыз келгенше, бұл әңгімені көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан жан-жақты талда-дық. Қорыта келе, Дулат Исабековтың «Ескерткіш» әңгімесі бірқатар проблемалық мәселелерді көтере отырып, әдебиеттің теориялық қағидаттарына толыққанды жауап беретін бірден-бір шығарма деп атауымызға толық негіз бар.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Исабеков Д. Таңдамалы: 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1993. – 491 б.
- 2 Исабеков Д. Жазумен өткен қырық жыл // Егемен Қазақстан, 21 ақпан. – 2001. – №39.
- 3 <https://bilim-all.kz/article/8239-Eskertkish>.
- 4 <https://www.oinet.kz/e/action>ShowInfo.php?classid=36&id=27547>.

**ИСОВА, Э.А., АЗИМХАН, Д.А.**

#### ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАССКАЗА ДУЛАТА ИСАБЕКОВА «ЕСКЕРТКІШ»

*В этой статье анализируются художественные особенности рассказа Дулата Исабекова «Памятник». Авторы статьи, раскрывая основную идею и тему произведения, акцентируют внимание на его мысли и образах, выделяя художественные образы, встречающиеся в рассказе. В целом, рассказ Дулата Исабекова «Памятник» всесторонне проанализирован.*

**Ключевые слова:** градация, сравнение, метафора, метонимия, синекдоха.

**ISSOVA, E.A., AZIMKHAN, D.A.**

#### ARTISTIC FEATURES OF DULAT ISSABEKOV'S STORY «YESKERTKISH»

*This article analyzes the artistic features of the story “The Monument” by Dulat Issabekov. The author of the article highlights the main idea and theme of the story, emphasizing its thoughts and imagery, and accentuating the artistic images. Overall, Dulat Issabekov's story “The Monument” is thoroughly analyzed.*

**Keywords:** gradation, analogy, metaphor, metonymy, synecdoche.

#### Авторлар туралы мәліметтер:

**Исова Эльмира Эдільханқызы** – филология гылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Азимхан Диана Аскарқызы** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 4 курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Исова Эльмира Адильхановна** – кандидат филологических наук, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Азимхан Диана Аскарқызы** – студентка 4 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Issova Elmira Adilkhanovna** – Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Azimkhan Diana Askarovna** – 4-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Исова, Э.А.,**

филология гылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теория кафедрасы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
ҚҰУ, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

**Атыгай, Ш.С.,**

«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оку бағдарламасының 2 курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
ҚҰУ, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

## ҚОШКЕ КЕМЕНГЕРҰЛЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ: ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

### *Түйін*

Бұл мақалада Қошке Кеменгерұлының қазақ тілінің тазалығы мен білім беру әдістемесіне қатысты көзқарастары талданады. Қошке Кеменгерұлы XX ғасыр басындағы қазақ халқының рухани дамуына елеулі үлес қосып, ұлттық тіл мен білімнің өзекті мәселелерін көтерген. Автордың «Қотыр сөздер» және «Жат тілді оқыту әдісі» мақалаларындағы кірме сөздерді бейімдеу, тіл тазалығын сақтау және тиімді оқыту әдістерін қолдану мәселелері бүгінгі күннің де маңызды тақырыптарына айналып отыр. Мақалада Қошкенің тіл үйрету әдістемелерінің заманауи білім беру жүйесіне бейімделу мүмкіндіктері қарастырылған. Зерттеу барысында автордың қазақ тілін дамытудағы педагогикалық мұрасы ұлттық тілдік болмыстың тұмастығын сақтауга бағытталған маңызды ресурс екені анықталды.

**Түйінді сөздер:** Қошке Кеменгерұлы, қазақ тілі, тіл тазалығы, кірме сөздер, жат тілді оқыту әдісі, педагогикалық көзқарас, тіл мәдениеті, оқыту әдістемесі, ұлттық тіл, әдеби норма.

### 1 Кіріспе

Қазақ халқының рухани және мәдени дамуына зор үлес қосқан Қошке Кеменгерұлының есімі ұлттық ағарту ісінің тарихында ерекше орын алады. XX ғасырдың басындағы құрделі саяси және әлеуметтік өзгерістер кезеңінде Қошке Кеменгерұлы өз халқының болашағын білім мен ғылым арқылы жарқын етуді көзделеп, ұлттың педагогикалық ой-пікірлерін қалыптастыруға елеулі ықпал етті. Оның білім беру саласындағы ұсыныстары мен идеялары тек сол заманың ғана емес, бүгінгі күннің де өзекті мәселелерімен ұндыс.

Кеменгер Қошмұхамед Дүйсенбайұлы 1896 жылы 15 шілдеде сол кездегі территориялық бөлініс бойынша Ақмола облысы, Омбы уезінің Қаржас ауылында дүниеге келген. Арғын тайпасының Сүйіндік руының Қаржас бөлімінен шықкан. Атасы Кеменгер Дүйсенбай, Дүйсебай есімді екі ұл сүйген. Дүйсенбайдан тарайтын Қошмұхамбет есейе келе қалам ұстағанда, жазгандарына «Қошке Кеменгерұлы» деп қол қояды. Содан бері есімі тарих беттерінде осылай қалады. Саяси сапырылыстарға толы 20-жылдардағы Ташкент тарихында Қошмұхамбет Кеменгерұлы тек қаламгер ретінде ғана емес, ағартушы-педагог ретінде де қалды. Ол 1926 жылы Орта Азия университеті мен Түркістан әскери училищесінде дәріс оқығанын айтады. Қайраткер, сондай-ақ САГУ-дың рабфагында, даярлық бөлімінде, шығыстану факультетінде, кеңестік шаруашылық пен құқық факультетінде, педагогика факультетінде қазақ тілінен дәріс оқыған.

Қошке Кеменгерұлы ұстаздық қызмет атқара жүріп, өз заманының білім беру жүйесіндегі күрделі жағдайды терең түсінді. Ол оқытуға қажетті материалдар мен құралдардың тапшылығын айқын сезініп, бұл олқылықтың орнын толтыру мақсатында өзі оку құралдарын жазып, қазақ тілін оқытуда тиімді деп таныған әдістер ұсынды. Сол арқылы білім берудің сапасын арттыруға барынша күш салды. Қошке қазақ тілінің сол кезеңдегі ахуалын да назардан тыс қалдырмай, оның қолданысы мен дамуына кедергі келтірген мәселелерді дәл көрсете білді. Тілдің тұғыры мықты болмай, білімнің де берік болмайтынын түсінген ол ұлттық тілді сақтап, жетілдіруді басты міндеттердің бірі деп санады. Оған дәлел ретінде «Қазақ тіліне өтініш», «Тілшілердің міндеті һәм мәнісі туралы», «Қазақша-орысша тілмаш туралы түсініс», «Қотыр сөздер», «Жат тіл оқыту әдісі», «Мектеп қай тілде болуы керек?» атты мақалаларын атап өтсек болады.

## **2 Материалдар мен әдістер**

«Жат тіл оқыту әдісі» мен «Қотыр сөздер» мақалалары сол кезеңнің өзекті проблемаларын ғана емес, қазіргі тіл біліміндегі маңызды мәселелерді де қамтиды. Бұл еңбектер тіл үйрету әдістемесінің тиімділігін арттыруға және ана тілінің тазалығын сақтауға бағытталған, сондықтан оларды тереңірек зерттеп, талдау уақыт талабына сай маңызды әрі құнды деп танып, мақаламыздың зерттеу нысаны етіп алдық.

«Білімпаздар тобы: «Жат сөздерді қазақ тілінің құрылышына, «Үндестік заңына» үйлестіріп алу керек» деді, бірақ мұны жүзеге асырушилар некен- саяқ» деп өзекті мәселені сөз етуден басталатын «Қотыр сөздер» мақаласында қазақ тілінің тазалығын сақтау, жат сөздерді үндестік заңына бейімдеп қолдану, сонымен қатар, тілдік құрылымдардың дұрыс жазылуына мән беру туралы мәселелер қозғалған. Автор тіл тазалығы үшін, ең алдымен, жазушылар мен оқытушылардың жауапты екенін айтады. Олар қазақ тілінің құрылымына жат сөздерді бейімдеп, дұрыс жазылуына үлгі көрсетуі тиіс деген пікір білдіреді.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

#### **Жат сөздердің үндестік заңына бейімделуі.**

Мақалада жат сөздер келтіріліп, олардың қазақ тілінде дұрыс қолдану үлгілері ұсынылған:

- «Италиеге» орнына «Италияға» деп жазу керек, өйткені «ге» қосымшасы сөздің жіңішке тұлғасына сәйкес келмейді.
- «Бюджет» орнына «бюджет» немесе қазақ тіліне толық бейімдеу үшін басқа балама сөзді қолдану ұсынылады.

Бұл жерде автор «Үндестік заңын» қатаң сақтау керек деген тұжырым жасайды. Жат сөздердің құрылымы үндестік заңына сәйкес келмесе, олардың бейімделуі қажет.

#### **Төл сөздердегі қателіктер.**

Автор қазақ тілінің өз сөздерінде де кейбір кате қолданулар кездесетінін айтады:

- «Балдар» емес, «Балалар» деп жазу керек. «Балдар» түрі түбірді бұзып, сөздің мағынасын нашарлатады.
- «Не бар болғаны» орнына «Бар болғаны» жеткілікті. «Не» сөзі артық қолданылған, орыстың «Что есть» тіркесін еске түсіреді.
- «Жылқышылық» сөзі «жылқы өсіру» немесе басқа баламамен алмастырылуы қажет. Өйткені бұл сөз нақты кәсіпті емес, жалпы іс-әрекетті білдіреді.

Осылайша, автор қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде ерекше назар аударуды талап ететінін айтады. Қазақ тілінің тазалығын сақтау және жат сөздерді бейімдеу жолдарын жанжақты талқылай отырып, кате қолданылатын сөздердің мысалдары арқылы автор дұрыс тілдік нормаларды көрсетуге, тілдік құрылымдардың нақтылығын сақтауға, жүрнақтарды мағыналы әрі үйлесімді қолдануға шақырады. Мақалада қозғалған мәселелер бүгінгі қазақ тілінде де өзектілігін жойған жоқ. Әсіреле, кірме сөздердің қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделуі, төл сөздердің кате қолданылуы және жалпы тіл мәдениетінің төмендеуі қазіргі тілдік ортада жиі байқалады.

Кірме сөздердің бейімделу мәселесі – тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі. Әсіресе жаһандану дәүірінде өзге тілдерден енген сөздердің қазақ тіліне үйлесімді сіңсіу мен олардың ұлттық тіл нормасына сәйкестенуі маңызды міндетке айналып отыр. Қошке Кеменгерұлы өз еңбектерінде осы мәселені ерте көтеріп, кірме сөздердің тілімізге қалай бейімделуі керектігіне ерекше назар аударған. Ол жат сөздерді бей-берекет қолдану тілдің тазалығына зиян тигізетінін ескертіп, олардың дыбыстық және мағыналық түрғыдан қазақ тілінің зандылықтарына сәйкес икемделуі қажет екенін атап көрсетті. Қазіргі таңда ғылым мен технологияның дамуы, ақпарат ағынының жаһандануы нәтижесінде жаңа ұғымдар мен терминдер күн сайын тілімізге еніп жатыр. Алайда, олардың көпшілігі қазақ тілінің табиғатына сай икемделмей, сол күйі қолданылып жүр. Мысалы, «онлайн», «файл», «принтер», «гаджет», «маркетинг» сияқты сөздер қазақ тіліне толық бейімделмей, ауызекі және жазба тілде жи қолданысқа ие болды. Мұндай жағдай тілдің ұлттық болмысына әсер етіп қана қоймай, сөздік қордың шүбарлануына әкелуі мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін Қошке Кеменгерұлы ұсынғандай, жат сөздерді тіліміздің дыбыстық зандылықтарына икемдеп, мағыналық сәйкестікпен бейімдеу қажет. Мысалы, «файл» сөзін «құжат» немесе «мәліметтер қоры», «принтер» сөзін «баспа құрылғысы» деп аудару арқылы қазақ тіліне үйлесімді балама табуға болады. Мұндай тәсіл тілдің тазалығын сақтап қана қоймай, қазақ тілінің ғылыми және түрмистық қолданыс аясын көнектейт түспек.

Сондай-ақ, қазіргі кезде төл сөздерді дұрыс қолданбау да жиі кездеседі. Мәтінде «балдар» сөзінің орнына «балалар» қолданылуы керектігі айтылса, бүгінгі күнде де осындай мәселелер сақталуда. Мәселен, жас буынның ауызекі тілде сөзді қысқартып қолдануын жиі байқаймыз. «Қайдасың?» сөзінің орнына «Қайда?» деп қолдану немесе «Келесің бе?» орнына сұраулық шылаусыз интонация арқылы «Келесің?» деу сияқты қысқартулар жиі кездеседі. Ғаламтор желісінде адамдар арасындағы қарым-қатынаста көрінетін бұл құбылыс бір жағынан уақыт үнемдеудің, жылдам қарым-қатынас жасау қажеттілігінің көрінісі болса, екінші жағынан, тілдің байлығына, оның толыққанды қолданысына кері әсер етуі мүмкін. Сөздерді қысқартып қолдану олардың бастапқы мағынасын бұрмалап, тілдік мәдениеттің төмендеуіне алды қелуі ғажап емес.

Диалектілердің жазуда көрініс табуы. Кей аймақтарда диалект сөздерді ресми жазба тілде қолдану үрдісі байқалады, бұл әдеби тіл нормаларына қайшы келеді. Тілдегі мұндай қателіктер әдеби тілдің дамуына кедергі келтіреді және жалпы тіл мәдениетінің төмендеуіне себеп болады. Әдеби тіл – ұлттың бірлігін, мәдениетін сақтайтын құрал, сондықтан жазба тілде бірізділікті сақтау маңызды. Қошке Кеменгерұлы өз еңбектерінде тіл тазалығы мен әдеби нормаларды сақтаудың қажеттілігін атап өтіп, ұлттық тілдің тұтастығын бұзбай, барлық аймаққа ортақ тілдік қолданысты насихаттауға шақырған. Бұл идеялар бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ, себебі қазақ тілін сақтап, дамыту үшін жазуда диалектизмдері шектеу – маңызды қадамдардың бірі.

Мәтінде «Жылқышылық» пен «Жылқы өсіру» сияқты сөздердің дұрыс қолданылуына назар аударылған. Бұл мәселе бүгінгі таңда да маңызды. Мәселен, жүрнақтарды орынсыз қолдану: кейде адамдар жаңа сөздерді жасауда жүрнақтарды орынсыз қосады, мысалы, «оқулықтық» немесе «жұмыстық» деген қате сөздер пайда болуы мүмкін. Сөзжасамдағы ретсіздік: қазіргі терминжасамда кейде шетелдік үлгілерге еліктеу байқалады, бұл қазақ тілінің төл зандылықтарына қайшы келеді. Мысалы, «Адаптация» орнына «Бейімделу» қолданылуы керек. Тілді дамыту үшін жүрнақтарды мағыналы, әдеби нормаларға сай қолдану қажет.

Мақалада айтылғандай, қазақ тілі – мемлекеттік тіл, оны дұрыс қолдану әрбір азаматтың міндеті. Алайда қазіргі таңда да осы жауапкершілік толық сезілмейді. Кейбір ресми құжаттарда немесе аудармаларда қазақша мәтіннің сапасы төмен, орыс тілінен сөзбесөз аудармалар байқалады. Мысалы, «Вопросы рассмотрены» тіркесі «Мәселелер карастырылды» емес, «Мәселелер талқыланды» деп берілуі тиіс. Сонымен қатар, көптеген жарна-

малар мен БАҚ тілінде қателер кездеседі. Бұл жалпы тіл мәдениетінің төмендеуіне әсер етеді. Мақаладағы «Газет редакцияларының жаупкершілігі» туралы ой осы күнге де тікелей қатысты.

Қошке Кеменгерұлының «Қотыр сөздер» және «Жат тілді оқыту әдісі» мақалалары мазмұны жағынан бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені екеуі де тіл тазалығы мен тіл үйретудің әдістемесіне қатысты ортақ мәселелерді қамтиды. «Қотыр сөздер» мақаласында Қошке жат тілдерден енген сөздердің қазақ тіліндегі қолданылуындағы олқылықтарды, олардың тілімізге бейімделмей енуінің зиянды әсерін ашық көрсетеді. Ол мұндай сөздерді «Қотыр сөздер» деп атап, тіл тазалығы үшін шет тілдерінен енген сөздерді қазақ тілінің заңдылықтарына сай бейімдеу қажеттігін баса айтады. Бұл идея оның «Жат тілді оқыту әдісі» мақаласымен табиғи түрде үндеседі. Өйткені шет тілін үйрету кезінде тілді тек механикалық жаттаумен шектемей, оның дұрыс әрі мағыналы қолданылуына ерекше мән беру қажет. Екі мақаланы байланыстыруши идея – тіл үйренудің ұлттық болмысты сақтау арқылы жүзеге асуы керектігі. Қошке Кеменгерұлының көзқарасы бойынша, шет тілдерін менгеру қазақ тіліне зиян келтірмей, керісінше, оның дамуына ықпал етуі тиіс. Мысалы, жат тілді оқытуда сол тілдің сөздерін қазақ тілінің табиғи ерекшеліктерімен ұштастыра отырып қолдану, оларды орынды бейімдеу, әрі ана тілін менгерумен қатар жүргізу маңызды.

Тілші-ғалым ең алдымен, әдіс, әдістеме, технология сөздеріне: «Әдіс – 1) тактика, 2) метод, 3) техника. Әдістеме – методика, әдіс ғылымы – технология», – деп анықтама бере кетеді. «Бұл терминнің мән-мағынасының ашылуы, терминдік ұғымды беруі, қызмет атқаруы, ғылыми айналымға түсүі алаш азаматы Қошке есімімен байланысты және XX ғасырдың 20-шы жылдарының үлесіне жатады екен», – дейді профессор Б.Қасым.

Қ.Кеменгерұлы «Жат тілді оқыту әдісі» мақаласында XX ғасыр басында ең жаксы әдіс туралы мәселенің дұрыс шешілмегендігін айта отырып, үйлестіру (синтез), талдау (анализ), аудару, көрнекілік, жаратылыс әдістерін түрлерін сөз етеді, оларды талдайды. Ғалым «Мектеп қай тілде болу керек?» деген мақаласында: «Қазақ мектебіндегі балалардың орыс тіліне шалағайлықтары, орыс тілінің қазақ балаларына орыстарға арналған әдіспен оқытылуынан», – екенін айтады. Оқушыларға жат тілді тиімді үйрету үшін ғалым өз жанынан бірнеше әдістер ұсынған. Мысалы, материалды ана тілінде, яғни аударма арқылы түсіндірмей, ол дерексізді деректімен түсіндіру, мысалдар келтіру, дауыс екпінімен, ыммен, бет-пішінді құбылту әдістерімен түсіндірудің пайдасы бар екенін де айтады. Қазақ тілін оқытуда тіл үйренушінің ауызекі сөзге түсіне білуін, ең кемі жат тілдегі кітапты оқып жат тілден үйретілген сөздердің мәнісін түсінуін, тіл құрамының ережелерін ұғынуын, оку, аудару, ана тілдің тіл құралындағы, сөйлем жүйесіндегі ережелермен жат тілдікін салыстыруын мақсат еткен.

Қазіргі таңда жиі қолданылатын анализ, синтез, жаратылыс, көрнекілік әдістеріне де Қошке Кеменгерұлы өз мақаласында тоқтала кеткен. Ең алдымен, үйлестіру (синтез) әдісінде оқыту дыбыстын бастап, сөзге, одан сөйлемге өту арқылы жүзеге асады. Негізгі құрал – грамматикалық ережелерді түсіндіріп, оларды мысалдар арқылы бекіту дейді. Бұл талдаудан байқайтынымыз, ғалым өз заманында қазіргі таңда білім беру бағдарламасында қолданылатын спиральды оқыту жүйесін меңзеп тұр. Ал талдау (анализ) әдісінде байланысты сөйлеуден бастап, кейін сөйлемді, сөзді және дыбысты талдауға негізделеді. Оқушылар сөйлеуден ережелерді өздері корытындылайды. Жаратылыс әдісінде оқушы ана тілін үйренгендей, жат тілге еш аудармасыз, табиғи жолмен, яғни сөйлеу мен сөз арқылы үйренеді. Сол арқылы баланың тыңдау және сөйлеу қабілеті дамиды. «Көрнекті әдіс» деп көрсетілген ұғым қазіргі білім беруде көрнекілік әдісі деп аталады. Яғни, тілді оқытуда тек көрнекі құралдарға сүйеніп, ана тілі аз қолданылады. Ғалым бұл әдіс түрін өз кезеңінде Еуропада және Ресейде кең таралған деп атап өтеді. Еуропалық педагогтар, әсіресе Ян Амос Коменский, көрнекілік қағидасын оқытуда басты орынға қойып, оны білім берудің негізгі әдісі ретінде ұсынған. Ресейде бұл әдіс К.Д. Ушинский еңбектерінде дамытылып, оку материалын нақты заттар мен

құбылыстар арқылы түсіндірудің тиімділігі дәлелденген. Алайда, уақыт өте келе бұл әдістің тиімділігі бүкіл әлем бойынша мойындалып, ол әмбебап құралға айналды. Қазіргі таңда көрнекілік әдісі барлық мемлекеттерде, барлық деңгейдегі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылады. Қазіргі заманғы технологиялар (мультимедиялық құралдар, интерактивті тақталар, 3D модельдер) көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтіп, оның жаһандық деңгейде қолданылуына жол ашты. Оған қоса, зерттеулер көрсеткендегі, адамдардың көпшілігі ақпаратты визуалды түрде кабылдағанда жақсы менгереді. Осылан орай, көрнекілік әдісі білім берудің ажырамас бөлігіне айналды.

Көрнекілік әдісі бүгінде тек бастапқы білім беру деңгейінде ғана емес, жоғары білім беру, ғылыми зерттеулер, корпоративті оқыту сияқты салаларда да кеңінен қолданылып келеді. Оның әмбебаптығы мен тиімділігі қазіргі білім беру жүйесінің басты құралдарының бірі ретінде танылуын қамтамасыз етті.

Қ.Кеменгерұлы қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесінде белсенді оқыту әдісін тұра осылайша атамаса да, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеулеріне ерекше қоңіл бөлген. Мысалы, ол оқушыларға кез-келген тақырыптағы мәтінді үйлерінен дайындал әкелуге, тілмаштарға (сөздік) қарап өз беттерімен түсінуге мүмкіндік туғызытын тапсырмалар береді. Әрі қарай тілмашта кездескен сөздерден әліппелі тілмаш жасатып отырады (глоссарий). Содан соң оқыған мақалага желі жасату, мензес (синонимдер) сөздерді, түрлі мағынада келетін сөздерді (омонимдер) жинаңызу, сөйлем құрастыру сияқты оқушылардың белсенділігін арттыратын, өз беттерінше белгілі бір білім жүйесімен танысатын шығарма-шылық тапсырмаларды орындаңызып отырған. Осы тұста біз Қошке Кеменгерұлының өз дәуірінде жаңашыл педагог бола білгенін байқаймыз. Себебі, ұстаз елдегі білім берудегі шикіліктерді аңғарып, жаңаға ұмтылған. Тіпті, аталған мақалада шетелдік ғалымдардың тәжірибелерімен танысып, жақсысын сұрыптаپ ала білген. Мәселен, Фридленбергтің «Еңбек мектебіндегі әдісіндегі» жат тілді үйреткенде көз, құлақ, қозғалыс әдістерін қолдану керек деген пікірін қуаттаған. Сондай-ақ, Мамунаның «Алғашқы жылдарда оқыту әдісі және программ» еңбегіндегі: «Көз, құлақ сезімдерін, қозғалыс орындарын күшету үшін әр түрлі нәрселер, суреттер, ойындар, өлеңдермен пайдалану керек. Әртүрлі ойынды ойнағанда, ойнаушылар жаңадан сөз қосады», – деген пікірлерін басшылыққа алып отырған.

## **5 Қорытынды**

Қошке Кеменгерұлының еңбектері – қазақ тілінің тазалығын сақтау мен білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған терең ғылыми-әдістемелік мұра. Ол өз дәуіріндегі қазақ тілінің күрделі мәселелерін көтеріп, тілдің дамуына кедергі келтіретін қателіктерді түзетуді және ұлттық тілдің ғылыми әрі сауатты қолданысын қалыптастыруды мақсат етті. «Қотыр сөздер» мақаласында тіл тазалығына мән берсе, «Жат тілді оқыту әдісі» мақаласында шет тілдерін меңгертудің тиімді тәсілдерін ұсынды. Бұл екі еңбек тіл мәдениеті мен оқыту әдістемесінің өзара тығыз байланысын көрсетіп, тілдік білім берудегі негізгі қағидаттарды айқындал өзара тығыз байланысын көрсетіп, тіл мәдениеті мен оқыту әдістемесінде жаңа мәселелер туындауда. Осылан байланысты Қошке Кеменгерұлының еңбектерін қайта зерделеу, оның әдістемелік тәсілдерін заманауи білім беру жүйесіне бейімдеу – уақыт талабы.

Қошкенің ұстанымы – тілдің тазалығын сақтау мен тиімді оқыту әдістерін үйлестіру арқылы ұлттық мәдениет пен білімді дамыту. Оның еңбектерінен алған сабактар бүтінгі қазақ тіліне де, білім беру жүйесіне де бағыт-бағдар бола алады. Сондықтан Қошке Кеменгерұлының педагогикалық мұрасы – ұлттың рухани дамуы мен тілдік болмысының тұтастығын қамтамасыз ететін қазына.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кеменгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. Зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары. / Құраст. Қамзабекұлы Д. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. 1. – 384 б.
- 2 «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. / Құраст.: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы», 2009. – 364 б.
- 3 Қасым Б.Қ. Кеменгерұлы рухы биік алаштың азаматы / Қ. Кеменгеров тағылымы: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2006. – 364 б.

**ИСОВА, Э.А., АТЫГАЙ, Ш.С.**

#### **ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ КОШКЕ КЕМЕНГЕРУЛЫ: ЧИСТОТА ЯЗЫКА И МЕТОДИКА ОБРАЗОВАНИЯ**

*В данной статье анализируются взгляды Кошке Кеменгерулы на чистоту казахского языка и методику преподавания. Кошке Кеменгерулы внес значительный вклад в духовное развитие казахского народа в начале XX века, поднимая актуальные вопросы национального языка и образования. В статьях автора «Қотыр создер» и «Жат тілді оқыту әдісі» рассматриваются проблемы адаптации заимствованных слов, сохранения чистоты языка и использования эффективных методов обучения, которые остаются важными темами и сегодня. В статье исследуются возможности адаптации методик Кошке Кеменгерулы к современной системе образования. В результате исследования установлено, что педагогическое наследие автора, направленное на развитие казахского языка, является важным ресурсом для сохранения целостности национальной языковой идентичности.*

**Ключевые слова:** Кошке Кеменгерулы, казахский язык, чистота языка, заимствованные слова, методика преподавания иностранных языков, педагогические взгляды, культура языка, методика обучения, национальный язык, литературная норма.

**ISSOVA, E.A., ATYGAY, Sh.S.**

#### **KOSHKE KEMENGERULY'S PEDAGOGICAL HERITAGE: LANGUAGE PURITY AND TEACHING METHODOLOGY**

*This article analyzes Koshke Kemengeruly's views on the purity of the Kazakh language and teaching methodology. Koshke Kemengeruly made a significant contribution to the spiritual development of the Kazakh people in the early 20th century, addressing critical issues of national language and education. His articles, "Kotyr Sozder" and "Methods of Teaching Foreign Languages," explore the adaptation of loanwords, maintaining linguistic purity, and applying effective teaching methods—topics that remain relevant to this day. The article examines the potential for integrating Koshke's teaching methodologies into modern education systems. The study concludes that Koshke's pedagogical legacy, aimed at developing the Kazakh language, serves as an essential resource for preserving the integrity of national linguistic identity.*

**Keywords:** Koshke Kemengeruly, Kazakh language, linguistic purity, loanwords, foreign language teaching methods, pedagogical views, language culture, teaching methodology, national language, literary norms.

#### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Исова Эльмира Әдільханқызы** – филология гылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Атыгай Шұғыла Сапарғалиқызы** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 2 курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Исова Эльмира Адильхановна** – кандидат филологических наук, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Атыгай Шұғыла Сапарғалиқызы** – студентка 2 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

*Issova Elmira Adilkhanovna – Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*Atygay Shugyla Sapargalikyzy – 2-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

ӘӨЖ 82

**Исова, Э.А.,**  
филология гылымдарының кандидаты,  
тіл және әдебиет теория кафедрасы,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы  
**Шахметова, М.А.,**  
«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оку бағдарламасының 2 курс студенті,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ,  
Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

## I. ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҚОЛБАЛА» ПОЭМАСЫНЫҢ ҚОРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛЕКТЕРІ

### *Түйін*

Жансүгіровтің «Қолбала» поэмасы қазақ әдебиетінде терең әлеуметтік мәселе көтерген қоркем түүнды. Поэмада феодалдық қоғамның әділетсіздігі, әлеуметтік теңсіздік және әйел теңсіздігі секілді өзекті мәселелер бейнелі тіл, өткір символдар мен қоркемдік тәсілдер арқылы ашық қорсетіледі. Шығармадағы эпитет, метафора, гипербола сияқты қоркемдік құралдар кейіпкерлердің психологиясын, оқиғалардың драматизмін айқынайды. Поэманың қоркемдік ерекшеліктері арқылы Жансүгіров қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздікке қарсы ой тастап, оқырманга терең ой салуга ұмтылған.

**Түйінді сөздер:** қоркемдік тәсілдер, эпитет, метафора, гипербола, психология, драматизм, бейнелі тіл.

### **1 Кіріспе**

Жансүгіровтің «Қолбала» поэмасы қазақ әдебиетінде өзіне тән ерекшеліктерімен айрықша орын алады. Бұл шығармада автор әлеуметтік теңсіздік, әйелдер құқығы, феодалдық қоғамның қаталдықтары сияқты маңызды мәселелерді көтереді. Поэманың қоркемдік құралдары мен композициялық құрылымы Жансүгіровтің терең ойшылдығын және шығармашылық шеберлігін байқатады. Қаламгердің түүндысында қолданылған бейнелі тіл, символдар мен метафоралар қоғамның әділетсіздігіне деген қарсылық ретінде көрінеді. Бұл мақалада «Қолбала» поэмасының қоркемдік ерекшеліктеріне тоқталып, шығарманың әдебиеттегі орны мен мәнін қарастырамыз.

### **2 Материалдар мен әдістер**

Қоркем шындықтың ақиқаттығына сендіретін, иландыратын нәрсе характер сомдай білу екендігі белгілі. Илияс характердері есімдері арқылы шебер қөрсете білді. Оған басты кейіпкердің есімінің (Қолбала) өзі дәлел. Автор есімінің шынайы мән-мағынасын өлең сөзбен аша туследі:

«Ақылсыз азаматы аусар ала,  
Сәлсіз пысық, даңғойлау келер жана.  
Осылардың ішінде бірге өсіпті,

Қаракөз, аққұбаша жетім бала» [5, 27]. Қолбала есімінің бірден-бір анықтамасы жетім екенін айқындаپ көрсеткен автор сонымен бірге оның бет-бейнесін сипаттайтыды. Кейінгі шумақтарда көркем бейнеге тән барлық ерекшеліктер тізбектеледі:

«Қолбала өсіп-жетті, болды түрлі,  
Қып-қызыл қырғи қабақ, қыр мұрынды.

Бас-аяғы балғадай жігіт екен,

Дөнгелек, орта бойлы, жауырынды» [5, 27]. Сырт келбеті мінсіз жігіттің рухани дүниесі де түгел болатыны белгілі. Оны Ілияс сәтті жалғай түскен:

«Ақ жүрекпен, әділдікпен болғанabyз,  
Салалы салмағы бар, іші сағыз.  
Өзі әнші, өзі өлеңші жігіт екен,  
Әніне таңқалғандай, тыңдасаныз» [5, 27].

Ілиястың өлең-жырға әуестігін, ақындықты, әншілікті жоғары бағалағанын, өнер тақырыбына жиі барғанын біз білеміз. Өзі әнші, өзі ақын Ілиясты Қолбала тағдыры бей-жай қалдырмағаны ақиқат [6, 265]. Сондықтан жігіттің өнерін де барынша ашып көрсеткен:

«Өлеңді айтатұғын жөні келсе,  
Іркіліп, тоқтамаушы еді айтшы десе.

Кейде ашты, кейде баяу даусын толғап,

Құбылтар ән аяғын әлденеше» [5, 27], – дей келе ары қарай жалғай түседі:

«Майда тіл, маңдайдағы болды шешен,

Кең ойлы, кішіпейіл, мінезі әсем» [5, 27], – деп оның өнермен ұштасқан көркем мінезіне тоқталады.

Қолбала әділдікті ту еткен, айтқанынан қайтпайтын азамат. Ілияс оның бойына ер жігітке тән барлық қасиеттер жинақтап қойған:

«Қажымас қарсы жауға біткен жігер,  
Татуға табылмайтын бір аяулы ер.

Жасынан көңіліне жазған екен,

Бой тартып, арамдықтан жиіркенер» [5, 27].

Әдетте көркем шығарма авторлары көркем бейненің өзіндік ішкі толғанысын, ой-пікірін кейіпкердің сөздері арқылы келтіреді. Бұл әдісті Ілияс осы поэмасында пайдаланған. Қолбаланың жамандыққа жаңы қас екенін сипаттайтын сөздері кейіпкердің өз сөзі арқылы мына түрде беріледі:

«Қазақтың қастық қылып, малын жесен,  
Тұрғанда сініртпеймін мен осында!» [5, 27].

Ілияс «Қолбала» поэмасында басты кейіпкер арқылы өнерді дәріпте, өмірдің әділетсіз тұстарын да көрсете білген. «Қолбала» поэмасының о баста арқалаған басты тақырыбы көркем бейнеле арқылы ұтымды шыққан. Автор Қолбаланың жанды образын, тұтас харakterін жасай алған.

«Кемені қалай атасаң, солай жүзеді» демекші, Қангалдінің өзі ғана емес, ұрпақтары да сол күйінде ұры болып қалғанын автор поэмалы сонында аяқтайды:

«Сол Қангалді мұрасы әлі де ұры,  
Тоқтататын кісі жоқ, қой деп мұны» [5, 30].

Поэмадағы кейіпкерлерді негізінен екі топқа бөліп қарастыруымызға болады: ұнамды және ұнамсыз кейіпкерлер. Шығармадағы кейіпкерлерді осындағы екі топқа топтастыру жайында З.Қабдолов былай дейді: «...образдарды дәл осылай топтастырудың өзі аса ірі эстетикалық сауаттан немесе талғам мен талаптан тұған нәрсе емес», – дей келе: «...осынау жағымды, жағымсыз деген ұғымның өзі ерсі. Образ дегенді біз тірі адам деп ұғар болсақ, ойлап қараңыз, өмірдегі адам атаулының берін жағымды, жағымсыз дегендей ап-анық екі топқа, дәлірек айтқанда, екі сортқа бөлуге бола ма?» [4, 121], – деп, бір образды толығымен

бір топқа жатқызуға қарсы шығады. Бұл қазіргі өмірдегідей, адамның бір нашар қылышы үшін бірден жаман адамдардың қатарына жатқызуға болмайтын сияқты ұғым.

Бірақ біздің бұл жерде айтқымыз келген дүние мұлдем басқа. Поэмада жағымды образды сомдайтындардың көш басында Қолбала тұрса, жағымсыз образ кейіпнегілердің бастаушысы болып Қангалді тұр. Яғни туындыда бір-біріне қарама-қарсы кейіпкерлерді алу арқылы Ілияс адамзат баласына дұрыс жол мен бұрыс жолды көрсетіп, олардың мәнісін терең әрі нағымды ашқан деп есептейміз.

### **3-4 Нәтижелер мен талқылаулар**

«Қолбала» поэмасы 46 шумақтан тұрады. 36 шумағы қара өлең үйқасына /ааба/ құралған болса, 5 шумағы шұбыртпалы үйқасты /аааа/, қалғандары кезекті үйқасты /абва/, /абва/ құрайды. Олардың арасында /аббб/ ерікті үйқасында келген бір шумақ бар. Он бір буынды өлең үш-төрт бунақтан құралған. Ақындар көп қолдана бермейтін шұбыртпалы үйқасты Ілияс бұл поэмада бір оқиғаны суреттеу барысында оқырманды кейінгі оқиғаны күттіру мақсатында пайдаланған сынайлы. Шұбырта қолданған бұл жолдар көсемшенің жүрнақтары арқылы және шылаулар арқылы жасалған. Өлең жолдарын оқыған сайын түйіңталып, келесі жолға түсіп отырасың. Қатар келген үшеуіне зер салайық:

«Қолбала жалғыз болды, өзгесі көп,  
Көп біріксе көзіне салмай ма шөп.  
Күнде кеңес қылады тісін қайрап,  
«Күн көрмедік, осыны қайтеміз?» деп.

...Қолбала жалғыз бір күн келе жатып,  
Қалыпты ат үстінде қабақ қатып.  
Түсінде кілең қатын қастық қылып,  
Көп итке талатып жүр қамалатып.

Қалмады үрейі үшып, терге батып,  
Ыстық жасы көзінен кетті атып.  
Дірілдеп, еті сүып, қаны қашып,

*Атының басын бұра алды тартып...*» [5, 28]. Шұбыртпалы үйқаспен берілген шумақтарда фразеологизмдер қатары көп.

Фразеологизмдер – тіл деп аталатын қасиетті дүниенің аса бай қазынасы. Ол тіліміздің бөлінбес бір бөлшегі болып табылады. Фразеологизмдер жеке сөздермен салыстырыланда көріктеуіш құрал ретінде жұмысалатын бейнелі, экспрессивті, эмоционалды мәнге ие [7, 30]. Кез келген шығармада фразеологизмдерді қолдану арқылы оның әсерлілігін, көркемдігін арттыруға болады.

Поэмада пайдаланылған «көзіне шөп салмай ма шөп» инверсия тәсілімен жасалған фразеологизм (негізі дұрысы: көзіне шөп салды) жақын деген адамға қара пиғылын көрсетті [8, 146] деген мағынаны береді және бұл тұрақты тіркес ерлі-зайыптылар арасында, яғни ер адам мен әйел адам арасында ғана қолданылады. Ал берілген поэманың шумағында фразеологизмнің ер адамдар арасында қолданылуы адамды өлтіру, көзін құрту, опасызыдық жасау мағынасында қолданылып, оның негізгі мағынасына жанама мағына үстеп тұр.

Келесі «кеңес қылды» ақылдасты, әңгімелесті, әңгіме қылып баяндады [8, 138], «тісін қайрау» ыза болды, кектенді [8, 296], «күн көрмедік», сөздікте «күн көрү» тіршілік етті, өмір сұру, күнелтті [8, 161] мағынасына қарама-қарсы, «қабақ қату» шаршап-шалдықты, қажыды, ренжіді [8, 166], «қастық қылды» жаманшылық жасады [8, 185], «үрейі үшү» қорку [9, 76], «қаны қашты» 1. қуарды, өні бозғылт тартты. 2. үрэйленді. [8, 170] «атының басын бұра алды тартып», сөздікте «ат басын бұрды» бұрылды, бағытын өзгертті [8, 34] деген мағыналарды береді.

Бейнелеу тәсілінің жоғары үлгілерін көрсету мақсатында уәде жасады, мәміле өтті [33, 257] мағынасында «сөз байлады», жақсы көрді, мейірі түсे жақсы көрді [33, 324]

мағынасында «іші-бауыры елжіреді» деген тіркестерді қолданып, өлең жолдарын өрнектей білген.

«Қолбалада» тіл байлығын молайтуда теңеу мен эпитеттердің орны бөлек. Басты кейіпкерді суреттеу барысында дәстүрлі –дай, –дей жүрнақтары арқылы «Бас-аяғы балгадай жігіт екен» [5, 27] метафоралық теңеумен, ал салыстыру мағынасында қолданылатын -ша, -ше жүрнақтары арқылы «Қаракөз, аққұбаша жетім бала» [5, 27] эпитеттік теңеумен суреттейді. Ал «Қып-қызыл қырги қабақ, қыр мұрынды»; «Дөңгелек, орта бойлы, жауырынды»; «Майдың тіл, мандаудағы болды шешен, Кең ойлы, кішіпейтіл, мінезі әсем» [5, 27] эпитеттері кейіпкердің тұлға-тұрпатын ғана емес, ішкі дүниесін де көрсете білген.

«Өңі құр, үңірек көз жауын бар, – деп,

Тасубай мен Жайнақтың түсін тапты» [5, 28] жолдарындағы эпитеттер арқылы екі кейіпкердің үрей тудыратыны бірден көз алдымызға елестейді.

«Қисық ауыз Демболсын Мылжыңменен,

Сойыл соғар сабаудай бойдак та бар» [5, 29]. Демболсын кейіпкердің қандай екені қолданылған эпитеттен білінсе, Мылжың кейіпкердің есімінің өзінен-ақ белгілі болып тұр. Жұн сабайтын құрылғыны эпитеттік метафора арқылы ақын тағы да кейіпкердің суретін көз алдымызға салып тұр.

Илияс «Қолбала» поэмасында теңеулер мен эпитеттердің көбіне кейіпкерлердің өзгеше белгілерін көрсетуде, мінез-құлқын сипаттауда және, ең бастысы, оқырманның көз алдына оларды елестетіп, шынайы сезім тудыруға тырысқаны көрінеді. Оқырманның көз алдында кейіпкерлер бет-бейнелері суреттеп отыратыны сөзсіз.

Сонымен қатар бұл қатарға «Қорлық қой ұрлық түбі, құрбы мырза» [5, 27] жолындағы мақалдың инверсия тәсілін пайдаланған. Орын ауыстыру арқылы аталған мақалға, жоғарыдағы сөз тіркестері мен сөйлемдерге қызу қосып, стильтік мақсатта қолданған.

## 5 Қорытынды

Жансүгіровтің "Қолбала" поэмасы қазақ әдебиетінің әлеуметтік-реалистік бағыттағы көрнекті шығармаларының бірі. Шығарма арқылы автор қоғамдағы әділетсіздікті, әйелдердің ауыр тағдырын және әлеуметтік теңсіздікті терең әрі шынайы бейнелеп, оқырманды ойлануға шақырады. Поэманың көркемдік ерекшеліктері – оның бейнелі тілі, әсерлі суреттеулері мен терең философиялық мазмұны – қазақ поэзиясының бай мұрасын толықтыра түседі. Бұл туынды Жансүгіровтің әлеуметтік мәселелерді қөркем өнер арқылы қозгаудағы шеберлігін айқындайды.

## Әдебиеттер тізімі

1 Илияс Жансүгіров: энциклопедия. – Алматы: «Кітап» баспасы, 2019. – 336 б.

2 Кыяхметова Ш. Илияс тағылымы. – Талдықорған: 2015. – 410 б.

3 Кыяхметова Ш. Дария кеуде, тау мұсін. – Талдықорған: 2015. – 428 б.

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. – Алматы, 2011. – 748 б.

5 «Жұлдыз» // №5 май 1974 ж.

6 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.

7 Кеңесбаев И. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.

8. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: «Елатаңым баспасы», 2010 ж. – 252 б.

**ИСОВА, Э.А., ШАХМЕТОВА, М.А.**

**ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭМЫ И. ЖАНСУГУРОВА «ҚОЛБАЛА»**

Поэма Жансугурова «Қолбала» является художественным произведением, поднимающим глубокие социальные проблемы в казахской литературе. В поэме открыто показываются такие актуальные вопросы, как несправедливость феодального общества, социальное неравенство и неравноправие женщин, через образный язык, яркие символы и художественные приемы. Такие художественные средства, как эпитеты, метафоры, гиперболы, подчеркивают психологию

персонажей и драматизм событий. Через художественные особенности поэмы Жансугуров стремился заставить читателя задуматься о социальном неравенстве в казахском обществе и вызвать глубокие размышления.

**Ключевые слова:** художественные приемы, эпитет, метафора, гипербола, психология, драматизм, образный язык.

**ISSOVA, Е.А., SHAKHMETOVA, М.А.**

**ARTISTIC FEATURES OF I. ZHANSUGUROV'S POEM «KOLBALA»**

*Zhansugurov's poem "Kolbala" is a literary work that addresses profound social issues in Kazakh literature. The poem openly depicts such pressing topics as the injustice of feudal society, social inequality, and the lack of women's rights through figurative language, vivid symbols, and artistic techniques. Literary devices such as epithets, metaphors, and hyperboles emphasize the psychology of the characters and the dramatic nature of the events. Through the artistic features of the poem, Zhansugurov sought to make the reader reflect on social inequality in Kazakh society and provoke deep thought.*

**Keywords:** artistic techniques, epithet, metaphor, hyperbole, psychology, drama, figurative language.

#### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Исова Эльмира Эдільханқызы** – филология гылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теория кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Шахметова Мәлдір Алихановна** – «6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының 2 курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

**Исова Эльмира Адильхановна** – кандидат филологических наук, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Шахметова Мәлдір Алихановна** – студентка 2 курса ОП «6B01701 – Казахский язык и литература», Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

**Issova Elmira Adilkhanovna** – Candidate of Philological Sciences, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

**Shakhmetova Moldir Alikhanovna** – 2-year student, «6B01701 – Kazakh language and literature» educational program, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

## **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФЫЛЫМДАРЫ** **ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

УДК 595.768.11

**Брагина, Т.М.,**  
доктор биологических наук, профессор,  
профессор кафедры естественно-научных  
дисциплин, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы,  
г. Костанай, Республика Казахстан;  
гл. научный сотрудник, Азово-Черноморский  
филиал ФГБНУ «ВНИРО» («АЗНИИРХ»),  
г. Ростов-на-Дону, Российская Федерация  
**Приезжих, Ю.В.,**  
магистрант 1 курса, ОП «7М01513 – Биология»,  
Евразийский национальный университет  
им. Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Республика Казахстан

### **ОБЗОР ЖУКОВ УСАЧЕЙ (COLEOPTERA, CERAMBYCADAЕ) – СТВОЛОВЫХ ВРЕДИТЕЛЕЙ СОСНЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

#### ***Аннотация***

*В настоящей статье приводятся данные о видовом разнообразии усачей (Coleoptera, Cerambicadae), относящихся к группе стволовых вредителей сосны в Костанайской области. Материалы включают данные собственных исследований, обработки коллекционных материалов и литературных сведений. Всего выявлено 26 видов жуков-усачей, которые относятся к этой группе вредителей*

**Ключевые слова:** усачи, стволовые вредители, Костанайская область, видовое разнообразие

#### **1 Введение**

